

## ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАН ТҰЛҒА

## СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

## ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ



**Шынболат ДІЛДЕБАЕВ  
ӨЛМЕЙТҰҒЫН АРТЫНДА  
СӨЗ ҚАЛДЫРҒАН**

4-бет



**«ЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛЕУЕТІ –  
БІЗ ҰСТАНҒАН БАҒЫТТЫҢ  
ЕҢ БАСТЫСЫ»**

6-7-беттер



**ҚАСҚЫР –  
БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ  
КОДЫМЫЗ**

8-бет

# ӘДІЛ ШЕШІМДІ ІСКЕ АСЫРУҒА АДАЛ НИЕТ КЕРЕК

*Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында Абай, Жетісу, Ұлытау облысын ашу туралы айтылғанда алаш баласы бөркін аспанға атып қуанды. Өсер елдің баласына жарасатын қылық, Президентіміздің әділ шешіміне разы болмаған жан кем де кем болды сол сәттерде. Исі қазақ баласын шаттандырған шешімді құлшына қоштамайтын құдайдың құлы, алаштың ұлы бола қоймасына ешкімнің күмәні жоқ болатын. Дегенмен Президент тапсырмасын іске асыру барысында Қарағанды облысының атқарушы және өкілетті органдарындағы лауазымды тұлғалардың күткен біктіктен көріне алмағаны көпшіліктің наразылығын оятқанын көріп отырмыз. Осылайша орталық органдар мен Қарағанды облысы басшылығында екінші республиканың, бірінші Президентінің сөзін жүре тыңдап, шешімін жүрдім-бардым орындай алатын мықтылардың бар екенін Ұлытау облысын құру барысы көрсетіп берді.*

Президентіміз сенген серкелеріне тапсырма бергенде істің өгізді де өлтірмейтін, арбаны да сындырмайтын, яғни, билік те, халық та ырзашылығымен қабылдайтын шешімін табады деп күткені сөзсіз. Майданға бергісіз мәселені майдан қыл суырғандай шешу үшін әділдік алға шығуы керек. Таразының басы тең тұрса, елдің көңілі кең тұрады. Өкінішке орай Президент сеніп, тапсырма берген биік лауазым иелері таразы басын теңестіре алмады. Сөзіміз жалаң болмауы үшін осылай болады деп межеленген Қарағанды облысы мен Ұлытау облысы туралы шешімнің жобасын

таразының екі басына салып көрейікші. Қазіргі Қарағанды облысының құрамында 9 қала, 9 аудан, яғни 18 әкімшілік бірлік бар. Ал енді осы 18 бірлік қалай бөлінді? 13=5 болып бөлінді. Облыс әкімі мен облыстық мәслихаттың үкіметке ұсынған бірлескен шешімінде Қарағанды облысында 6 қала, 7 аудан қалады, ал, Ұлытау облысына 3 қала, 2 аудан беріледі делінген. Бұл қандай әділдік? Қандай ниет? Президентке осылай болсын деп ұсынғанда не деп дәлелдемек? Қандай сөздермен жеткізбек? Қалай иландырамыз деп ойлап отыр? Түсініксіз. Қойында-рына тыққан көзірлері «Халықтың

қалауы осындай» деу шығар дәу де болса. Ал осы халыққа мәселенің мән-жайын түсіндіріп, қиындық тудырады деп ойлап отырған сұрақтардың онтайлы шешімдері бар екенін жеткізіп отырған кім бар? Неге жеткізбейді? Заң талаптары бойынша билікті мамандар мен ғалымдардың терең экономикалық, әлеуметтік, инфрақұрылымдық, өндірістік сараптамалық ұсынысы міндеттеледі. Берілген ақпаратта ол Е. Бөкетов атындағы ҚарУ-дың күшімен жасалған делінген. Делінгені болмаса Жезқазған аймағында ол сараптамалық құжатты көрген ешкім жоқ.

►► 2-бетте

*Бұл жылдың қалай басталғаны баршамызға белгілі. Маңғыстау жұртышылығы газ бағасының қымбаттауына қарсылық білдіріп, алаңға шықты. Президент Үкіметке шұғыл тапсырма беріп, мәселенің анық-қанығына жету үшін арнайы комиссия құрып, Ақтауға аттандырды. Комиссия сұйытылған газ бағасының еш негізсіз көтерілгенін, халық талабының орынды екенін анықтап, бағаны бұрынғы қалпына түсіру туралы шешім қабылдады.*

# ҰЛТТЫҢ ҒЛЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Маңғыстауда митингке шыққандар Мемлекет басшысының шешіміне ризашылық білдіріп, алаңды тап-тұйнақтай етіп тазалап, жерге бір түйір қоқыс тастамай, шын жана-шырлықтың үлгісін көрсеткен еді. Елімізде соңғы кезде қабылданған заңға сай митинг мәдениеті дұрыс бағытқа бет бұрды деп іштей қуанғанымызды да жасырмадық. Алайда «жау жоқ деме, жар астында» деген сөз рас болып шықты. Жау алыстан келген жоқ, ішімізде жүр екен.

Жағдайдың оң шешіле бастағаны сол-ақ екен, еліміздің оншақты қаласында халық көшеге саяси талаптар қойып шыға бастады. Негізгі жұртшылықтың бұрынғы билікке деген ашу-ызасы болғанын ешкім де жоққа шығармайды. Халықтың сондай көңіл-күйін білетін арамза күштер жағдайды өз мақсаттарына шешуге ұмтылып бақты. Олар билік пен бұқара арасында қақтығыс ұйымдастыру арқылы ел ішіне іріткі салғысы келді. Түп мақсаттары билікті басып алу болғаны қазір екінің біріне түсінікті. Алайда тәуелсіз еліміздің тұрақтылығын бұзбақшы болғандар оңбай қателесті.

Алғашында Алматыда митинг бейбіт сипатта басталғанымен тез арада басқа арнаға ауысып кетті. Еліміздің басқа өңірлерінде де осы жағдай қайталанып, бұзақылық бой көтерді. Неге? Тасада тұрып тас атқандардың басты мақсаты ел ішінде қорқыныш, үрей туғызу еді. Қарапайым халықтың қымбатшылықты ауыздықтау жөніндегі орынды талабының соны «Қасіретгі қантарға» ұласты. Президент жағдайдың беталысын тез түсініп, шұғыл түрде батыл қадамдарға барды. Егемен елімізге қауіп төніп тұрғанын, мемлекеттің тұтастығы мен халықтың бейбіт өмірін қамтамасыз ететін күштік құрылымдардың пәрменсіздігін сезінген Мемлекет басшысы барлық шешімді өз қолына алды. Қабылданған шешімдер туындаған жағдайды тез арада қалпына келтіруге ықпал етті. Егер сол күндері Қ. Тоқаев табандылық танытпағанда Тәуелсіздігімізден әп-сәтте айырылып қалуымыз әбден мүмкін еді. Сол қысылтаң шақта Президент өзінің нағыз халықшылы, мемлекетшілі, батыл тұлға екенін көрсете білді.

►► 3-бетте

# ҰЛЫТАУ ЖЕРІ

## ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ ҮЛКЕН ӘЛЕУЕТІНЕ ИЕ



– Арман Төлешұлы, Жезқазған облысы 1997 жылы, яғни осыдан 25 жыл бұрын облыс атауынан айырылды. Енді бұл жерде Ұлытау деп аталатын жаңа облыстың құрылуы осы өңірдің төл перзенті ретінде сізге қалай әсер етті? Жаңалықты қалай қабылдадыңыз?

– Әрине, мен бұл жаңалықты өте жылы қабылдап, біріншіден, қатты қуандым. Екіншіден, жағымды жаңалыққа менен бұрын менің жерлестерімнің баршасы қатты қуанды деп ойлаймын. Шыны керек, бұл жайт Жезқазған аймағының дамуына жаңа серпін беретіні сөзсіз. Тек Жезқазған ғана емес, одан басқа Балқаш, Ұлытау, Жезді өңірлері үшін де айтарлықтай тарихи оқиға болғалы тұр. Аймақтың экономикалық-әлеуметтік құрылымы тұрғысынан қарайтын болсақ, облысқа әуелі инвесторлардың тартылуы маңызды мәселе екені анық. Себебі көп нәрсе облыстың жаңадан тағайындалатын әкіміне байланысты болады. Оның іскер болуы, өңірдің әлеуметтік мәселелерін жетік білуі керек.

*Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында өңірлердегі ахуалды жақсартып, экономикасын дамыту үшін әкімшілік-аумақтық құрылымдарды жетілдіру керек екенін баса айтты.*

*Осылайша жаңадан үш облыс – Абай, Ұлытау және Жетісу облыстарын құруды ұсынды.*

*Бұл Мемлекет басшысы айтпақымы, инфрақұрылымды жетілдіруге, халықтың да тұрмыс-тіршілігін жақсартуға мүмкіндік береді. Енді ұлылар дүниеге келген, пайдалы қазбаға бай, киелі өңірлерді қайта жаңғырту үшін аталған аймақтар облыс атауын алмақшы. Ендеше бүгінгі материалдымызда Ұлытау облысы болып жаңадан құрылатын өңірдің өзекті мәселелерін қарастырайық. Жезқазған өңірінің өндірістік қуатын, логистикалық мүмкіндігін ұтымды пайдалану керектігін мемлекет басшысы да атап өтті. Жезқазған қаласы облыс болуға қаншалықты дайын? Аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы қалай? Облыс атағаннан кейін күн тәртібіне қандай мәселелер шығуы керек? Өңірге қандай басшылық келуі қажет? Алдағы уақытта қандай кәсіпорындар ашылуы тиіс? Міне, осы секілді сауалдарға жауап алу үшін Жезқазған өңірінің тумасы, ҚР Парламенті Мәжілісінің заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы, депутат Арман ҚОЖАХМЕТОВПЕН сұхбаттасқан едік.*

Сондай-ақ Президенттің «Жезқазған өңірінде дербес облыс құру – экономикалық тұрғыдан ғана емес, рухани тұрғыдан да маңызды шешім» деген сөзін ерекше атап өткім келеді. Осыған байланысты тарихи жадты қайта қалпына келтіру, тарихи-мәдени маңызы бар нысандарды қорғау, дербес саланы қалыптастыру секілді шешімдерді барлық жағынан оң қадам деп санаймын.

– Президент облысты бұрынғы Жезқазған облысының аумағында құру қажет екенін айтты. Тұрғындар да «кезінде Жезқазған облысы Қарағандыға қандай аумақта қосылса, енді солай бөлінуі керек» дегенді айтады. Одан бөлек қазір әлеуметтік желілерде осы бір бөлініс салдарынан кейбір аудандар облыс орталығынан алыстап кететіні, оның әлеуметтік қиындығы туралы айтылып жатыр. Сіздің ойыңызша, Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысы құрылса, ол қай жерлерді қамтуға тиіс?

– Жаңа облыстың шекарасы экономикалық есептеулерді ескере отырып айқындалуға тиіс деп санаймын. Ел Президенті бұрынғы Жезқазған облысының шекарасын да анықтау туралы тапсырма берді. Менің ойымша, бұл – ең дұрысы. Облыстың территориялық аумағын қамтып, шекарасын бекітер тұста жергілікті тұрғындардың талап-тілегі ескерілуі қажет. Жол мәселесі, жер мәселесі толық

қамтылып, халықтың пайдасына жарайтын шешім шығатынына сенемін. Қанша дегенмен соңғы шешім барлық есептеуді ескере отырып қабылданады.

– Сіздің бір жылдары «Қазақмыс» корпорациясында қызмет еткеніңізді білеміз. Осыған байланысты сұрақ қойғым келіп отыр. Қазір «Қазақмыс» корпорациясының бас офисі мен еншілес кәсіпорындарының офистерін Қарағандыда қалдыру туралы ұсыныстар айтылып жатыр. Өңір азаматтары бұған жол беруге болмайтынын меңзейді. Себебі компанияның бас офисі қайда тіркелсе, салық сонда түседі. Ал халық өңір жағдайының төмендеуін корпорацияның аймақтан кетіп қалғанымен байланыстыратын көрінеді. Көптің пікіріне, Жезқазғанның дамуы «Қазақмыс» компаниясымен тікелей байланысты. Себебі экономикаға түсетін кірістің 96 пайызы корпорация өндірісінің үлесінде. Сондықтан олар оны Ұлытау облысының орталығы Жезқазған қаласына қайта көшіруді ұсынады. Бұған қатысты пікіріңіз қандай?

– «Қазақмыс» компаниясы Жезқазған аймағының экономикасында елеулі рөл атқарады. Сондықтан компанияның салықты Ұлытау облысында төлеуі – өте маңызды. Біріміз білетіндей, Жезқазған – Қазақстандағы мыстың отаны.

►► 3-бетте

# ӘДІЛ ШЕШІМДІ ІСКЕ АСЫРУҒА АДАЛ НИЕТ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ондай ғылыми құжатпен таныстырмақ түгілі жәй келіп халықпен кездесіп, қандай да бір ақпарат жеткізіп, түсіндіру жұмысын жүргізген жанды және көрмедік. Осыдан соң аймақ халқының алғашқыда аң-таң болғанын, ал артынан наразылығын жасыра алмағанын кінәлауға бола ма? Міне, осыдан-ақ жауапты тұлғалардың Жолдау арқылы берілген тапсырмаға жауапсыз қарағаны ап-анық көрініп тұр емес пе?

Сонымен қатар осы оқиға барысында болашақта ескере отырып түзеуді қажет ететін келесіз бір құбылыстар да көзге түсті. Оның бірі қоғамда мемлекетшілдіктен меншіктік психологияның басым түсіп отырғаны және бұл құбылыстың Тәуелсіз мәңгі ел құру мақсатымызбен қабыса қоймайтыны туралы бұдан бұрын да жазған болатынымыз. Алғашқының негізі бар екені Ұлытау облысын құру туралы ниет пен әрекеттен анық көрініп те қалды. Халық мемлекеттік мүддені біржолата асырып тастап тек өзіне ұнамды ұста-

ным мен ұсынысты ғана қолдауға біржақты бетбұрып бара жатқанын өзі де байқайтын қауыпті шекке жақындап қалған сияқты. Негізі еститін мемлекет болғанда түсінетін халық та болуы керек қой. Олай болмаған жағдайда мемлекетті басқару мәселесінде тепе-теңдік бұзыла бастайды. Ал, тепе-теңдікке нұқсан келу теңселісті тудырады. Бұл мемлекет үшін қауыпты құбылыс. Сонымен қатар осы облыс аумағын бөлу барысында көзге оғаш көрінген тұстар болды. Мысалы:

1. Жоғарыда айтылған 13=5 деген есепті әділ бөліс деп ойлау;

2. Екі облыс территориясын шамалас деп есептеу. Себебі Ұлытау облысына тиесілі болады делініп тұрған 18 млн гектар жердің 13 млн гектары бір Ұлытау ауданына ғана тиесілі. Сонда қалған 3 қала, 1 ауданға 5 млн гектардан сәл аса аумақ қана қалады;

3. Халық санында да 1 200 000=230 000 деген есеп әділ деп есептелуде. Сонда халықтың санын қатаң есепке ала отырып бөлінетін құрылымдық

қызмет түрлері, салалық басқармалар, норматив бойынша белгіленетін дәрігер және де басқа мамандардың саны бірнеше еселік айырмашылыққа жететінін ешкім ойламай ма? Облыстық бюджеттің көлемі де тиісінше кедейдің көрпесіндей басына тартса аяғына жетпейтін болатынын ше?

4. Облыс орталығынан тым қашық деп аталып отырған аудандарды қалай да қалдыру керек делінетін болса керісінше Қарағанды облысына қарасты, бірақ болашақ Ұлытау облысының аудандарымен шектесіп жатқан елді мекендерді жаңа облысқа қосуды неге ойластырмасқа? Тіпті, Ұлытау ауданы орталығынан 140 шақырым ғана жердегі Шұбаркөл кентінің Ұлытау ауданы Алғабас ауылдық округінің жері екеніне ешкімнің таласы жоқ қой. 2010 жылы Шұбаркөлдің 200 гектардан астам көмір өндіріп отырған жерін Ұлытау ауданына қайтару туралы сол кездегі облыс әкімі С. Ахметовтың өкімі шыққан да болатын. Сондай-ақ Баршын, Бірлік, Талдысай, Ақкөл,

Жанбөбек сияқты ауылдар да Киевкадан гөрі Ұлытауға бейім. Ал, Қызылорда облысына жалға берілген Құмкөл жерінде өндіріліп отырған мұнайдан ауданға тек мүлік және жер салығы ғана төленіп келгені де әділдік деп есептеліп отырғаны ше? 2010 жылы жалға беру мерзімі аяқталғанын біреу білсе біреу білмес. Сол кезде де Ұлытау ауданының халқымен де, «Жер кодексіндегі» жалға беру туралы бабтың өзгергеніне де қарамастан жалға беру мерзімін тағы 15 жылға ұзартса салған болатын. 2025 жыл да қыр астында қылтып тұр. Осы жолы облысты құру туралы құжатта сол мерзімнен соң жалға берілген жердің тұтас көлемі де және онда жұмыс істеп тұрған компаниялары да Ұлытау облысына берілетіні анық көрсетілуі әділдік болады деп ойлаймын.

Қысқарта айтатын болсақ тағдыр-шешті жобаны дайындауға тапсырма алғандар қайткен күнде де екі тарапқа да оңтайлы нұсқаны табуға тырысса осыныша реніш болмас еді ғой. Мысалы, Өскемен облысы құрамындағы 17

аудан, 4 қаланың 8 аудан, 2 қаласын Абай облысына беруді ұсынып отыр. Алматы облысы да тура осындай 21 бірліктің 10-ын Жетісу облысына бермекші. Қарағанды облысы болса жоғарыда айтқанымыздай есепті 13=5 деп шығармақ... Міне, осыдан келіп қазіргі сәтте аймақ халқының наразылығы митингіге шығамыз деуге жетіп отыр. 19 сәуір күні Абзалбек Мулаков пен Бекзат Дайрабайұлы тәрзіді елге сыйлы, белсенді азаматтардың Жезқазған қалалық әкімдігіне 30 сәуір күні сағат 11.00-де Қазақстан республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың Ұлытау облысын құру және оның шекарасын белгілеу туралы тапсырмасын қолдау үшін митингіге шығу туралы хабардар ету хатын тапсырғаны осы сөзіміздің дәлелі.

Қорыта келгенде айтарымыз Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа облыстарды құру туралы тапсырмасы тарихи әділдік. Ендеше оны тиісті деңгейде іске асырылуына тараптардың барлығы да адалдық танытуға тиіс.

Әнуар ОМАР.

*Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізуді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында ұсынған еді. Өткен жылы Қарағанды облысында 89 ауыл әкімі сайланды. Биыл сайлау облыстың 13 округінде, сондай-ақ аудандық маңызы бар Абай қаласында өтті. Аталған ұсыныс ауыл әкімдерін сайлауда тиімділігін көрсетіп келеді. Былтыр сайлау әдісімен Талап аулының әкімі белгілі болды. Биыл да Кеңгір елді-мекенінің тұрғындары өз әкімдерін өздері таңдау мүмкіндігіне ие болды.*

## КЕҢГІРДЕ – ЖАҢА ӘКІМ



Кеңгір ауылы әкімінің сайлауында Алматы Саухимов жеңіске жетті. Елді-мекен бойынша 1938 адам тіркелген. 10 сәуірде өткен сайлауда Алматы Саухимовқа сайлау учаскесіне келген 1468 азаматтың 1302-сі дауыс берген. Алматы Саухимов Жезқазған қаласының тұрғыны, 1985 жылы дүниеге келген. Ол Орталық Азия университеті мен Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін қаржыгер және заңгер мамандықтары бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 2006 жылы бастаған, әр жылдары Жезқазған қаласы бойынша Салық комитеті бөлімдерінде жетекші бас маман, басшы қызметтерін атқарған, 2019 жылдан бастап бүгінге дейін Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары болған.

– Бүгін өздеріңіз сайлаған, таңдаған әкімдеріңізді ресми түрде тағайындап жатырмыз. Халық өз даусын беру арқылы таңдау жасады. Алдағы уақытта Кеңгір селолық округі халқының жағдайын жақсарту, тұрмыс-тіршілігінің сапасын арттыру – сіздің жауапкершілігіңізде. Бұл елді-мекен мал мен өсімдік шаруашылығын дамытуға аса ыңғайлы. Сізді сайлауды бағдарламаңызға сай кәсіби біліктілігіңізді көрсетіп, жоғары деңгейде еңбек етеді деп үміттенеміз, – деді жиында сөз алған қала әкімінің орынбасары Ербол Құсайынов. Одан әрі ауыл ақсақалдары ақ тілегін айтып, батысын берді.

Кеңгірде туып, осындағы мектепте білім алған Алматы Саухимов тұрғындар игілігі үшін аянбай еңбек етіп, ел сенімін ақтайтынын жеткізді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.

## КӘСІПКЕР ҚҰҚЫҒЫ ТАПТАЛМАУЫ ТИІС

*Ел экономикасының дамуы кәсіпкерлер жұмысына тікелей байланысты. Осы тұста жеке кәсібінен нәсібін тауып отырған жандардың құқығын қорғау аса маңызды. Олардың кедергісіз жұмыс істеуі үшін мемлекет тарапынан арнайы жағдай жасалып та отыр. Дегенмен, кейде кәсіпкерлікке жауапты бөлімдер, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының мамандары тарапынан тексерістің көптігі жеке кәсіпкер жұмысына кедергі келтіріп, біршама қиындатып тудырады. Осындай оқалықтардың алдын алу мақсатында қалалық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының төрағасы Жүрсінбай Лекеров және Жезқазған қаласының аға прокуроры Марат Ақшалов пен прокурор Елдос Бөрлібаев «Жастар сарайында» ашық есік күнін ұйымдастырды.*

Бүгінгі таңда жер сатып алу бағасы әжептәуір қалтаны қағды. Жер кезегіне тұрған азаматтар саны көп, әйткенмен, кезектің жылжуы айтарлықтай көңіл көншітпейді. Жерге қол жеткізгеннен кейін кәсіпкерлердің 3 жыл ішінде оны игеріп, қандай да бір құрылыс бастауы оңайға соқпайды. Осы тұста мерзімдік уақытты тағы бір жылға созу мәселесіне келгенде, кәсіпкерлерге бірдей көзқараспен көмек көрсетілмейтінін айтқан Жүрсінбай Лекеров кім пара береді, соның ғана өтініші қабыл болатынын тілге тиек етті. Бұл сөзіне бұлтартпас дәлелдері де бар екенін айтқан оның бұл шағым орынсыз екенін алға тартқан Жезқазған қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімінің басшысы Мейіржан Ахметов, тек заң аясында жұмыс істейтіндіктерін жеткізді. ҚР әкімшілік жылжымайтын мүліктерге құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуге беру мерзімін беру бабы бойынша

кейбір кәсіпкерлер тіркеу уақытын 6 ай ішінде орындамайтынын айтқан Мейіржан Ахметов аталған уақыттан кейін бірнеше ай өткеннен кейін де азаматтарды халыққа қызмет көрсету орталығына сенделтпей, мүмкіндігінше қол ұшын созатынын айтты.

Қазіргі таңда мысты шаһарда меншікті жер шекарасын өзгерту, ғимаратты құлатуды тіркеу 500000 теңге жобасында болса, жоспарын түзу 100000 теңгеден асады. Осы тұста қалада мұндай қызметтерді көрсететін бәсекелестік орта жоғын, ниеттілер болса да оларға кедергі келтіріліп отырғанын айтқан Жүрсінбай Лекеров кәсіпкерлік бөлімімен бірге тарифі жоғары қызметтер құнын реттеуге қатысты ұсынысты парламентке жолдау жұмысын кейінге қалдыруға болмайтынын нақтылады. Себебі мұндай аспандаған баға бизнеске ниеттілерге кедергі келтіріп, қалтасына ауырлық түсіреді. Бастамай жатып шығынға батып, жеке кәсіп



ашуға көпшілік тәуекел ете бермейді. Бұлай жалғаса берсе, қала экономикасы да алға жылжымай асық.

Жиынға тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетов те қатысты. Биыл Абай көшесі жөнделіп, жана нысандар бой көтеретінін, осы тұста сол маңдағы «Жандәулет» жеке кәсіпкерлігінің сыртқы келбеті адам шошылықтай екенін жеткізген ол Жүрсінбай

Лекеровке осындай қала сәнін кетіріп, ең болмаса қасбеттерін түзеуге ниет танытпайтын кәсіпкерлермен түсіндіру жұмыстарын жүргізуге ұсыныс білдірді.

Кәсіпкерлер құқығын қорғайтын прокурорлардың айтуынша, биыл жыл басынан бері 20 кәсіпкерден шағым түскен. Олардың 9-ына ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізіліп, тараптар ортақ шешімге келген.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.

## ЖИҢАНКЕЗ КҮНДЕЛІГІ ОСПАНҰЛЫ ОҢТҮСТІК Өңірде

*Газетімізде бұдан бұрын жазғанымыздай жетпістен асқан жиһанкез қария Сәрсенбай Оспанұлы өткен аптада Сыр бойында болып, ондағы қалың қазақпен қауышқан еді. Қызылорда қаласы тарихи-өлкетану музейінің көрме ғимаратына жиһанкез қариямен кездесу де өтті.*

Кездесуге Қорқыт ата университетінің студенттері, БАҚ өкілдері, ауыл өнерпаздары, музей қызметкерлері қатысты. Ісшара барысында Ұлытаудың тарихи ескерткіштері мен ерекше табиғатының фотолары бейнеленген

«Ұлытау» фотоқормесі көрермен назарына ұсынылды.

Іс-шара мерекеге ұласып, қала өнерпаздары өнер көрсетіп, ағамызға жақсы көңіл күй сыйлады. Облыс әкімінің кеңесшісі Ержан



Уәнісов ақсақал жиһанкез ағамызға жылы лебізін білдіріп, жолына сәттілік тіледі.

– 15 сәуір күні таңертең Сәрсенбай Қотыршаев Қызылорда қаласынан Түркістанға қарай сапарға аттанды. Сол күні 40 шақырым жүріп, Сұлутөбе ауылында қонды. Ал, 17 сәуір күні түс ауа Шнеліге жетті. Ақсақалды әр ауылда азаматтар барынша құрметтеп, арнайы күтіп алып, дәм ұсынып, қондырып, қолдап жатыр, – дейді жиһанкездің қолдаушысы хәм күнделігін жүргізуші Баян Шайғөзова.

Б. Шайғөзова берген ақпаратқа қарағанда 19 сәуір күні Сәрсенбай ақсақал Жаңақорған ауданына келіп тоқтады. Онда колонершілердің тізімін жинау, толықтыру мақсатында колонерші, суретші Үмбет Абибуллаев ақсақалға жолығып, үйінде қонақ болып, қолынан шыққан еңбектерімен танысты. Шебер 50-ден астам шәкірт тәрбиелеген екен.

Осылайша, оңтүстік өңірге жеткен Сәрсенбай Оспанұлы өзінің сапарға шыққандағы мақсатын орындауға кіріскен.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

## Мұхамбет КӨПЕЕВ, мемлекет және қоғам қайраткері

(Соңы. Басы 1-бетте).

Президенттің «Ел астанасынан ешқайда кетпеймін. Халықпен бірге болу – менің конституциялық міндетім» деген сөзі абдырап қалған халыққа жігер берді, көңіліне сенім ұялатты. Мемлекет басшысы бүлікшілермен күресте ешқандай ымыраның болмайтынын да анық айтты. Президент бұл жөнінде өз ұстанымын ашық білдірді, халықтан ештеңе жасырып қалған жоқ.

Қаңтардың 11-де сөйлеген сөзінде Президент елдегі қордаланып қалған мәселелерді алғаш рет жария етті. Ашы да болса шындық айтылды. Әрине, бұл Президент үшін оңайға соқпағаны анық. Қазақстан халқы Президенттің сөзін зор ықыласпен тыңдады. Басқаша болуы мүмкін де емес еді. Қалыптасқан жағдайда Мемлекет басшысы дамуың жаңаша жолын ұсынатыны, халықтың көкейіндегі түйткілді тұстарды тап басып, келеңсіздіктерді, кемшіліктерді көрсетіп, оларды жоюдың жолдарын көрсететіні өз басым сенімді едім. Өйткені Қасым-Жомарт Кемелұлы Сенат Төрағасы болғанда бірнеше жыл бірге қызмет еттік. Мен Президентті мемлекетшіл ғана емес, қазақы азамат ретінде де білемін.

...Бір жолы Сенатқа ұнды йодтау қажеттігі туралы заң жобасы келіп түсті. Мұның қажеттілігі күмәнсіз еді. Әсіресе, ауыл халқының денсаулығындағы кінәраттың көпшілігі йод жетіспеуінен болып жататыны жасырын емес. Алайда ұнды йодтау жеке меншік элеватор иелеріне қосымша қаржы жұмсауды талап етеді. Соны жақсы білетін кейбір элеваторға қатысы бар сенаторлар заң жобасының аталған бабына қарсы шықты. Осы сәтте Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Заң талабы ең алдымен ел азаматтарының, соның ішінде қазақтың мүддесін қорғауға бағытталған. Ал сіздер басқа мүддені көздейтін секілдісіздер. Бұл – теріс пікір!» деп, әріптестерінің бетін қайтарып тастаған еді.

Қасым-Жомарт Кемелұлы бойына өркениет мәдениетін терең қабылдай білген тұлға ретінде ерекшеленіп тұрады. Интеллигент отбасында дүниеге келген оның руханиятқа жақын болып өскені айтпаса да түсінікті. Жастайынан дипломатиялық қызметтің бел ортасында жүрген ол бүгінде әлемдік дәрежедегі саясаткер. Осыдан, он бір жыл бұрын, яғни 2011 жылдың 15 сәуірінде Қ. Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының орынбасары және аталған ұйымның Женева бөлімшесінің басшысы болып тағайындалды. Бұл күллі қазақ баласының мерейін аспандатты. Бұрын-соңды қай қазақ әлемдік деңгейде осындай зор құрметке бөленіп еді?

Қ. Тоқаев 2019 жылдың 19 наурызында ел тізгінін ұстады. Содан бері үш жыл өтті. Осы уақытта Президент елімізді тек оң өзгерістерге бастап келеді. Әрине, бәрін тізбелеп шығу міндет емес шығар. Маған әсіресе, Президенттің тікелей бастамасымен қабылданған жемқорлықпен күресті күшейту мақсатында тиісті заңдарға енгізілген өзгертулер айрықша ұнайды. Бұл – өте өзекті мәселе. Сыбайлас жемқорлық талай жыл санамызды ұлап, жазылмайтын дертке айналып кеткен еді. Қазіргі заң талаптарына сәйкес, жемқорлықпен сотталған адам амнистияға ілінбейді, мерзімінен бұрын босатылмайды.

Израильдің төртінші Премьер-министрі болған

Голда Меир «Егер сіз азаматтарыңыз жарқын болашағына кәміл сенетін мемлекет құрғыңыз келсе, ең басты екі қадам жасаңыз. Бірінші, сыбайлас жемқорлықты Отанға жасалған опасыздық деп санап, жемқорларды жеті атасына дейін сатқынға теңеңіз. Екінші, үш мамандық иелеріне – әскерилер, мұғалімдер мен дәрігерлерге ең жоғары жаалақы тағайындап, оларды құрметтеңіз» деген екен. Соңғы үш жылда Президент осы екі мәселеге де ерекше көңіл бөліп отыр. Табысы төмен, жағдайы жоқ азаматтардың 300 мың теңге мөлшеріндегі несиелеріне мемлекет есебінен кешірім жасағаны Президенттің халыққа жанашырлығының айқын көрінісі емес пе?

Екі жылға созылған пандемия кезінде Президент тарапынан халыққа барынша қолдау, көмек көрсетілгенін бәріміз де көрдік, білдік, басымыз

керегі не, көктен іздегеніміз жерден табылғандай қуандық. Бір емес, үш облысты бірден ашу – қазіргідей күрделі кезеңде нағыз ерлік! Қаңтарда Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін басын бәйгеге қалай тікесе, жаңа облыстар құру туралы бастамасын да батыл шешімге теңер едім. Екі жылдан аса пандемия құрсауында қалу экономикаға аса ауыр соққы болып тигені рас. Бірақ соған қарамастан үш облыстың шаңырағын көтеруге ұмтылу Президенттің тәуекелшіл тұлға екенін танытады. Бұл қадам аймақтардың дамуын арттыру арқылы республикамыздың дамуына тың серпіліс береді.

Ал жаңа облыстардың шекарасы қалай анықталмақ? Бұл ретте Ұлытау



# ҰЛТТЫҢ ТҒЛЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

дәл өткердік. Президенттің «Саяси реформаларсыз экономикалық даму да болмайды» деген тұжырымы өте дұрыс деп санаймын. Елімізде алғаш рет әкімдерді халықтың өзі сайлай бастады. Саяси реформаның бір ұшқыны – әкімдер сайлауы. Халық өзі сайласа әкімдерден сұраныс, талап та күшейе түседі. Биылғы Жолдауда еліміздегі саяси реформаларды одан әрі тереңдету бағыттары көрсетілді, жолдары айқындалды. Алдағы уақытта елімізде Конституциялық Сот құрылады. Мәжіліс депутаттарының 30 пайызы бір мандатты округтерден сайлануы көзделіп отыр. Бұл тіпті, 50 пайыз болса да артық болмас еді. Партияны тіркеуден өткізу үшін бар болғаны 5 мың мүшесі болса жеткілікті. Ұлттық келісім кенесі алдағы уақытта Ұлттық құрылтайға айналмақшы. Осының бәрі де ел көңілінен шыққан өзгерістер.

Президенттің «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауы жаңа Қазақстан мемлекетін құруды көздейді. Бұл шындығында Екінші Республика! Бұл бақытты баршамыз қалаймыз. Олай болса барлығымыз Президенттің жанына топтасып, халқымыздың үкілі үмітіне бірге жетейік!

Жолдауда Президент көптің күтпегенін де жариялады. Мен бұл жерде Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарын құру туралы бастаманы айтып отырмын. Ұлы Абайдың елі, жер жәннаты Жетісу өңірі, кіндік қанын тамған Ұлытау, Жезқазған, Жаңарқа, Балқаш жұртшылығы осыдан ширек ғасыр бұрын жабылып қалған облыстарды қайта ашу туралы хат жолдап, өтініш айтып обден көңілдері қалып, үміттері үзілген еді. Президенттің жаңадан облыстар ашу жөніндегі сөзін естігенде жасырып

өңіріне қатысты Президент «Бұрынғы Жезқазған облысының аумағында» деген сөзді бекер айтқан жоқ деп санаймын. Өйткені «жер шалғай, халыққа қиын соғалды» деген желеумен бұрын Жезқазған облысына қарасты болған кейбір қала, аудандарды Қарағанды облысының құрамында қалдыру көзделіп жатқанға ұқсайды. Қазір бұрынғыдай заман емес, қарапайым халық үшін құнара облыс орталығына сабылудың еш реті жоқ. Қазір байланыс та, қатынас та жақсарған. Көп құжатқа үйден шықпай-ақ қол жеткізуге болады.

Кезінде өзін өзі артығымен қамтамасыз етіп отырған Жезқазған облысы Қарағандыға не себеппен қосылғанын біреу білсе, енді бірі білмейді. Ол мәселе тарих қойнауына кетті. Бабаларымыздан «бөлінгенді бөрі жейді» деген ұлағатты сөз қалған. Ал дана халқымыз «Ел мен елдің қосылғаны күт» дейді. Жаңа облысқа жаңа мамандар, ел басқаратын азаматтар керек. Алаш арыстары

шыққан Ақтоғай, Ақсу-Аюлы, Ағадыр өңірінің көп азаматы бұрынғы Жезқазған облысының басшылығында болған. Сол азаматтардың ұл-қыздары енді Ұлытау облысына қызмет ететін болса, қандай ғанибет?! Ұрпақтар сабақтастығының бұл да бір көрінісі болар еді.

Жезқазған мен Балқаш – ежелден бір организм, оларды бір бірінен бөлуге мүлде болмайды. Жаңа облыстың негізгі тәрізі – «Қазақмыс» корпорациясы. Ендеше облысты аяғынан нық тұрғызу үшін «Қазақмыстың» күшін, қуатын пайдалану керек. Қасым-Жомарт Кемелұлы Президент болғалы бері Ұлытау өңіріне екі рет ат басын тіреді. Қарт Ұлытаудың жаңа дәуірге сай жаңаруын қамтамасыз ету Президенттің арман, мақсаты тәрізді. Мен солай түсінемін. Жаңа облысқа Ұлытау атуын берудің астарында да терең мән жатыр. Бұл ұлтымыздың ежелгі ордасын әлемге таныту.

**Алдымызға Жаңа Қазақстан құру мақсатын қойдық. Ұлытаудың жаңаруы ұлттық жаңғыруға бастама екен деп тілеймін. Ұлы Абайдың еліндегі, орталығына қазақтың ұлы перзенттерінің бірі Дінмұхамед Қонаевтың есімі берілетін Жетісу облыстары елдің жаңаруына үлгі нанытса деп тілеймін. Осы облыстардан жаңа дәстүр, өнегелі істер бастау алса, жемқорлық, сыбайластық дейтін келеңсіздіктерге жол берілмесе екен деп ойлаймын. Әрине, бұл үшін жаңа облыстарға нағыз мемлекетшіл тұлғалар басшылыққа келуі қажет. Әрине, ой көп. Бәрі де «Еліміз өркендесін, халқымыз еңсесін көтеріп, Тәуелсіздіктің жеңісін көріп, жемісін теретін деңгейге жетсек» деген арманымызdan туындап жатыр. Қазіргі қолға алынып жатқан барлық шаруа ұлтымыздың ұлы құндылығы – Тәуелсіздікті одан әрі нығайта береді деп сенемін.**

# ҰЛЫТАУ ЖЕРІ

## ТУРИЗМДІ ДАМУЫНДАҒЫ ҰЛКЕН ӘЛЕУЕТІНЕ ИЕ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мұнда аталмыш компанияның өзіндік тарихы басталады. Сонымен қатар оның негізгі активтері мен кен орындары осында орналасқан. Бірақ біз мұнымен тоқтап қалмай, өңірге басқа да инвесторлардың келуіне ықпал етуіміз керек. Сонда жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындары құрылады. Салық бұрынғыдан да көбірек түседі. Оның бір пайдасы сол, тұрғындардың әлеуметтік мәселелері тезірек шешілуіне септігін тигізеді. Тағы да айтқым келеді, Жезқазған – пайдалы қазбаларға бай өлке. Одан түскен пайданы ел болып, халық болып көргіміз келсе, ең алдымен, бізде инвесторлар үшін жағдай жасалуы керек.

– **Сонымен қатар Жолдауда Сарыарқаның төрінде орналасқан бұл аймақтың туристік әлеуеті жайлы да сөз болды. Ұлытау облысының туристік әлеуеті қандай, өндірістік қуатын қалай тиімді пайдалануға болады? «Ұлытау – қазақтың тарихи орталығы» дегенді іс жүзінде дәлелдейтін қуи қашан туады?**

– Әрине, сауалыңыз орынды-ақ. Дұрыс айтасыз, Ұлытау – біздің мемлекетіміздің бесігі. Бұл жерде ата-бабаларымыздың сан ғасырлық тарихы, шежіресі бар. Сондықтан Ұлытау жері туризмді дамытудың үлкен әлеуетіне ие. Ол үшін өңірде сақталған жазбаша дереккөздерді белсенді зерттеп, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу қажет. Біздің және шетелдік тарихшыларды зерттеу жұмыстарына тарту керек. Жан-жақты байланыстың болуы үшін де бізге инфрақұрылым жағын реттеген жөн. Сапалы инфрақұрылым болмай, өзге тұрмақ, өзміздің ішкі туризмді дамыту қиын. Сапалы инфрақұрылым дегеніміз сол сапалы жолдар, қолайлы қонақ үйлер, жақсы байланыс пен қызмет көрсету сервисі ғой. Географиялық жағына Ұлытау облысы Қазақстанның дәл орталығында орналасқан. Бұл өңірге онтүстік, батыс және солтүстік бағыттағы жолдарға ие болуды талап етеді. Мәселен, Қызылордаға баратын жол онтүстік Қазақстанды Жезқазған арқылы Қарағанды, Нұр-Сұлтан қалаларымен қосуға мүмкіндік береді. Егер осы бағытта іргелі жұмыстар атқарылса, бұл ең қысқа жол болар еді. Оған қоса кәсіпорындарға Жезқазған арқылы жүк тасымалдау да тиімді болар еді. Арқалық арқылы Қостанайға баратын жол да Ресейге тауар жеткізуге мүмкін-

дік береді. Осылайша ең маңыздысы Жезқазған мен Қызылордаға тауарларды импорттауға мүмкіндік туады. Сондықтан Жезқазғанда әртүрлі тауарлар сақталатын ірі логистикалық орталықтар болуы керек. Бұл жолдармен Ұлытау облысына біздің туристер де, шетелдік туристер де келе алады. Арнаулы жобаларды дайындап, нақты іске көшсек, туризм біздің облыстың екінші визит картасы бола алады.

– **Енді ел арасында «Жезқазған облысы орталығы мәртебесінен айрылған соң әлеуметтік-экономикалық жағдайы нашарлаған жоқ, жөнді басшылық болмағандықтан, осындай жағдайға ұшыраған» деген пікірлер де шығып жүр. Жаңадан құрылатын облысқа қандай басшы мен қандай басшылық құрам келуі керек?**

– Әрине, көп нәрсе облыс басшысына және оның командасына байланысты болады. Маған салса, өңірдің басшысы ретінде өндірісте басқару тәжірибесі бар, мықты шаруашылық иесі болғанын қалар едім. Жезқазған, Сәтбаев – мұның бәрі монокалалар. Олардың өзіне тән ерекшеліктері бар. Сондықтан облыстың бірінші тұлғасы осы қалалардың экономикасын қалай дамыту керегі түсінуі керек. Облыста мал шаруашылығымен айналысудың әлеуеті жоғары, ынталы адамдар да аз емес. Сол себепті ауыл адамдарын қолдауымыз керек. Ең болмағанда қарапайым жем, шөп, одан кейін субсидия жағынан. Егер шаруалар несие қаражатымен қамтамасыз етілсе, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу дамнитын болады. Меніңше, жаңадан құрылатын облысқа жас белсенді команда керек.

– **Сонымен қоса елімізде жаңадан облыстар ашылса, шенеуніктердің саны да көбейетіні – көптің көкейінде тұрған мәселе. Осы тұрғыдан өңірде басқармаларды аша бермей, жергілікті басқару құрылымдарды күшейту керек сияқты. Аймақтарды жезқазған құрылымына қатысты не айтасыз?**

– Әрине, сіздің айтып отырғаныңыз – ұйымдастырушылық мәселе. Негізгі дамыған, шынайы реформаны жүзеге асыратын елдерде шенеуніктердің саны шектеулі болады. Ең әуелі сапа дұрысталай, нәтиже болмайды. Заман өзгерді, онымен бірге ойлау жүйесі де жаңарып отыр. Сол үшін де іскер, креативті адамдардың уақыты келді деп ойлаймын. Біз басшыларды олардың бюджет ақшасын қа-

лай игергені үшін емес, өңірдің нақты шешкен проблемалары үшін бағалауымыз керек.

– **Сонымен Жезқазған облыс орталығы болуға дайын ба?**

– Иә, көптің көкейінде жүрген маңызды сұрақ та осы. Жезқазғандықтардың облыс болуға тәжірибесі бар. Тарихтан мәлім, 1997 жылға дейін Жезқазған облыс орталығы болды. Өңірдің дамуға, өсіп-өркендеуге деген амбициясы мықты. Сондықтан тек талмай еңбек етіп, жұмыс істеуіміз керек. Облыстың келешектегі басты бағыты қандай болғанын қалар едіңіз? Жоғарыда атап өттім, Жезқазған аймағы минералды ресурстарға өте бай. Сондықтан жер қойнауындағы пайдалы қазбаларды пайдалану саласында инвесторларды көбірек тартуымыз қажет. Үлкен жер учаскелері де мал өсіруге мүмкіндік береді. Кенес дәуірінде Жезқазған облысында миллион мал басы бар совхоздар, қожалықтар болған. Өңірдің мал шаруашылығын да басым бағыт ретінде мақсат етіп қоюына мүмкіндік зор. Кейде біздің мал еті Қазақстандағы «ен дәмді ет» шығар деп ойлаймын. Бұл – бірінші. Екінші бағыт – туризм саласы. Бұл туралы ел Президенті де Жолдауда тоқталып, айтып өтті.

– **Өңірдің жаңа өндіріс орындарын ашуға әлеуеті жете ме? Алдағы уақытта қандай кәсіпорындар ашылуы мүмкін?**

– Ұлытау облысы ел экономикасынан өз орнын табуға тиіс. Біз металл, сонымен қатар ет-сүт өнімдерін ішкі нарыққа да, сыртқы экспортқа да шығара аламыз. Мысалы, қазір Саранда автомобиль зауыты дамып келеді. Ұлытау облысы серіктес болып, пластик, бояу, металл бұйымдарын дайындай алар еді. Тағы бір өндіріс ошағы ретінде мал басын көбейте отырып, тері өндірісін ашуға болады. Дегенмен қазір бұл мәселе Қазақстанда әлі шешілген жоқ. Өңірде мүмкіндік туса, күн энергетикасы мен шағын авиацияны дамытуға әбден болады. Егер инвесторлар үшін жағдай жасайтын болсақ, ауқымды жобалар саны көп болады. Ең бастысы ел болып, мемлекет болып, жұмылып, ойлануға және уәделерді орындауға кірісу қажет.

– **Әңгімеңізге рахмет!**

Назерке СҮЙІНДІК  
Сұхбат «Қазақпарат» сайтынан  
көшіріліп басылды.

Шынболат ДІЛДЕБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 85 ЖЫЛ

# Өлмейтұғын артында сөз қалдырған



Осыдан тұп тура 85 жыл бұрын яғни, 1937 жылдың 22 сәуірі күні Қызылорда облысы, Шиелі ауданын, Сұлутөбе ауылында отырған Ділдебай палуанның үйінде бір ұл дүниеге келді. Баланың шар етіп жылаған дауысын естіген үлкендер: «Шіркіннің дауысы не деген зор еді. Түбі әнші болар-ау» дескен шығар. Солай дегендер болса, ол адам шын әулие болды онда. Өйткені, сол бала шыбықты ат қып мініп, ауыл арасын шаңдатып жүргенде-ақ жүрегі жыр деп соғып тұратын. Ол бала – Шынболат ДІЛДЕБАЕВ еді.

Бүгін сол Шынкеңнің туған күні. 85 жыл толып отыр. Егер көзі тірі болса, өзінің атындағы кең сарайда дүрлідеген той өтіп жатар ма еді.

Жо-жок. Бұдан ақынның мерейтойы атаусыз қалады екен деп ойламаңыздар. Өзі айтқандай Сырда туып, қырда өскен Шынболат ақынның, Шынболат жыраудың ес білгеннен бергі өмір жолы осы Ұлытау – Жезқазған өңірінде өтті.

Сондықтанда, оның мерейтойын аймақ жұртшылығы айшықты шаралармен атап өтуге жұмыла кіріскен. Сол шаралардың басы-қасында жергілікті ақпарат құралдары да жүр. Бүгін біз газетімізде Шынкеңнің тойының шымылдығын тура туған күніне орайластырып әр уақыттарда жазылған естеліктермен, арнаулармен ашқанды жөн көрдік.

## ЖЫР-АРНАУЛАР

## ШЫНБОЛАТ БОЛЫП ШЫМЫРЛАДЫ...

Шынболат десе – шындық, шындық десе – Шынболат көз алдымызға келетін болғалы қашан? Оның аты табиғи түрде ақындардың мөріне айналып, өршіл өлең мен ұрымтал сөздің найзағайы секілді қазақ аспанында от қамшыдай жарқылдап тұр. Көрнекті қоғам қайраткері, танымал ақын Кәкімбек Салықов «халқым кезінде мені «кеніші ақын» деп атап кетті. Құдайға шүкір, кеніші ақын-інілерім де баршылық. Соның көш басында Шынболат Ділдебаев тұр. Шынболат – қазақ атамыз сүйетін шын ақын, заманның әр ағысына пікір қозғайтын, қара қылды қақжарғыш шыншыл ақын» деп өз бағасын беріп еді.

Бұл – ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Ғалым Жайлыбайдың сөзі. Шынболат Ділдебаевтың 80 жылдығына орай шыққан «Шындық» деп аталатын кітаптың алғы сөзін осылай деп бастапты. Содан келіп айтады:

Жезқазған өңірінде қызмет етіп жүргенімде ағамызбен бірге жүрдік. Көкшетау, Қызылжар, Ақтөбе бағытында үзенті жолдас болу нәсіп болды. Сапарлас болдық, дәмдес болдық, пікірлес үндес болдық. Арқаның даласында қатар жүріп ақындық өнердің, сал-серілердің арғы бергі тарихынан сөз қозғайтын едік. Болмыс-бітім бөлек, сөйлесе мүдірмейтін шешен, домбыра алса көмейіне бұлбұл ұя салған, құйқылықта арындайтын әнші, екпіні мен ырғағы шымдай байланған термешілігі күллі әлемді ұмыттырып ұйғына батырушы еді... Көмейінен шыққан жентек-жентек сөз тасқыны алпыс екі тамырынды қуалап, арқанды шымырлататын. Оның өз бояуымен қалыптасқан толғауы тоқсан әуені қазақ даласын шарлап кететін. Оның ырғағында жағымды жылшылық, мейірілі сезім, асқақ рух қатар жататын, кезі келгенде құйғытып, екпіндейтін, қажет болғанда қадап-қадап тұрып қанынды қай-

нататын, жарығы жүрекке жетіп шымыр-шымыр бойға сіңетін...

Біз өткен ғасырда жасаған Біржан сал, Ақан сері, Мәди, Үкілі Ыбырай, арынды Әсеттердің замандасы болғамыз жоқ. Өмірі ғажайып сұлу өткен ақын-жырау, сал-серілерді көзімізбен көргеміз жоқ. Алайда, тамыры тартылмаған аға буынның бізге жеткен жалғасын байқадық, қарқыны бәсеңдемеген тұлпарлардың тұяғын көрдік. Меніңше, ол, осы Шынболат Ділдебаевтардың дәл өзі болатын. Бір басында ақындық, әншілік, күйшілік, айтқыштық, батылдық қатар табыла беретін берен батырлар осындай-ақ болар!.. Ғасырлардың қатпарынан қаннан қанға өтіп, рухымыздан жаңылмай орын тауып отырған киелі өнер бізге Шынболат болып шымырлады, Шынболат болып шыққанды. Мінеки, ағамызбен қатар жүрген шақтар туралы ойласам, жүрекке осындай сағынышқа толы күй келеді, кимастық сезімдер көңілді тербейді...

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,  
ақын,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,  
Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері.

## ШӨЛІРКЕП ЛЕБІЗІҢЕ...

Шығарған төбемізге, төрімізге,  
Сен едің, салымыз да, серіміз де.  
Беу Шәке. Бауырым-ай, бақұлымсың,  
Шөлдікпен шөлдеп келдім лебізіңе.

Шөлдікпен лебізіңе, жырларына,  
Сен келдің «Төртінші» жоқ қырда мына.  
Тербеткен төңіректі қоңыр үнің,  
Ілесіп ескен желдің ырғағына.

Көк желек құлақ түріп шүбә қалмай,  
Көк пен жер сөн-салтанат құрағандай.  
Шалғынға аунай кеттім арсалаңдап,  
Өзіңнің құшағыңа құлағандай.

Көңілді қай-қайдағы тұсап қайғы,  
Сығанап қашқан елес ұстатпайды.  
Қайдасың, қайран Шәке, қайран Шәке,  
Қара жер қанша құшсам міз бақпайды.

Көре алмай көптен бері дидарыңды,  
Жанымды шарасыздық кинай берді.  
Сұп-суық құлыптасқа қойып кеттім,  
Бөктерден өзіңе арнап жиған гүлді.

Мұса ТІЛЕУОВ,  
кенші ақын.

## АЛМАС ЖЫРЫН АҚИҚАТҚА СУАРҒАН

Қос анасы Сыр мен Қырды тел емген,  
Жыр да жазды, кен де қазды тереңнен.  
Төртіншіден төрт тарапқа танылып,  
Алты алаштың алғысына бөленген.

Домбыра алып, жоғын жоқтап мұңдының,  
Ашып талай сұм өмірдің сұмдығын.  
Шынкең жүрді-ау қырандайын қолданып,  
Намысына қайрап алып «Шындығын».

Бет пердесін қу заманның қуарған,  
Сыпырғанда исі қазқу қуанған.  
Сал қоғамды өткір тілмен шабақтап,  
Алмас жырын ақиқатқа суарған.

Жүрек жұлған маздақ жырын ағытып,  
Жыр төгетін жанып алып шабытын.  
Тәуелсіздік бақ қонғанда еліме,  
Жарқылдаған нағыз алмас шағы-тұн.

Ақын ақты жұлдыз болып. Тұл арман,  
Жыр іздеймін дертке дауа мұнардан.  
Шөлдікпен Шынболаттың іздейді ел,  
Жығра сусап, шықпай қалса құмардан.

«Жылжиды жыл». Өмір алға көшеді,  
Бәрі өтеді. «Уақыт-емші» деседі.  
Ал ақыннан қалған мұра мәңгіге –  
«Өлең шіркін елге жар өсеті»,  
Ұлы Абайдың ұлағаты кешегі.

Аманкелді БУҚАР,  
ақын, мұғалім.

## ШЫНБОЛАТ ҚАЛАЙ БИШІ БОЛДЫ?

Шынкеңді ел әнші, жырышы, термеші ретінде жақсы біледі. Өнерінің өзі бір төбе. Бишілігін де ел аңыздай етіп айтып жүреді. Бірақ оның қалай биші болғанын екінің бірі біле бермесі анық. Ол жайлы мен осы топтамаға материалдар іздеп отырғанда ғаламтордан жолықтырдым. Мақаланың авторы марқұм, жерлесіміз – Айтқадыр ТІЛЕУОВ екен...

Бір адамдай-ақ билейтін, орыспасы да көп-көрім, ақын-әртістігі тағы бар байқоңырлық бозбала Рудник халқымен етене араласып сіңісіп кеткен ең алғашқы «елші» болды. Елші дегеннен шығады, сол кездегі Рудниктің негізгі тұрғындары әр жерден жолдамалармен келген өзге ұлт өкілдері еді. «Крестовский» деп аталатын кеншілер кентінде туып-өскен атақты киноактер Олег Янковскиймен де біршама уақыт тамыр болғанын айтып отырушы еді. Ал Байқоңырдан әрі асып көрмеген ауыл қазақ-

тарының олармен емін-еркін жұғысып кетуіне тіл тосқауыл болғаны бар. Ондай кезде Байқоңырдағы әскери бөлімшенің офицерлерімен араласып тіл сындырып алған Шынболат аудармашылыққа келеді. Ол тайпалған жорға болмаса да, анауына орыстармен үзенті қағыстыра сөйлесетін дәрежеде-тін. Аса құпиялық сақталатын әскери бөлімшеге еніп жауынгерлермен араласуы да бір қызық...

Осы мақаланы жазу барысында Астанадағы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің студенті, болашақ журналист Арай-

лым Ерқоңырова Шәкең туралы мынадай дерек алып келіпті. «Байқоңыр кеншілеріне қоныс әскери бөлімше орналасыпты. Тәртіп қатты көрінеді. Қоршалған аумаққа бейсауат адам жоламайды. Кешке әскерлер ән айтып, би билеп демалады. Осыны естіп жүретін жан сауыққа үйір Шынболат бір күні өзі сияқты қарасирақтарды ертіп бөлімшеге таяп бармай ма? Тәртіп бойынша оларды қақпайламақшы болған кезекші сарбазды офицер тоқтатады сонда. Сөйтсе дарбазаның ар жағында Шынболат әуенге ілесіп «твист» билеп тұр екен.

«Бұйрабас ұзын баланы шақыр», дейді сардар. Кейін білгеніндей, ол командирдің саяси істер жөніндегі орынбасары болып шықты. Табиғатынан ширақ Шынболат әскеріне ілесіп жүре береді. Содан бастап ол сол ортаның сүйкімді «сарбазына» айналып, әскердің өнерпаздары құрамында әр кешті сонда өткізетін болған. Мерекелер қарсаңында тіптен ұй қарасын көрмей кетеді. Мерекелік дайындық қой. Байқоңырлық балғынның әбден сіңіскені сондай, оған лайықтап әскери киім де тіккізіп берген көрінеді. Ал олардан үйренген «Полька», «Яблочко», «Солдатская пляска», «Матросский танец», «Молдавский танец» сияқты әскери билерді ауыл балаларына үйрететін...

Айтқадыр ТІЛЕУОВ,  
журналист.

## ШЫНБОЛАТТЫ ҰМЫТУЫ МҮМКІН ЕМЕС ЕДІ

Бәрі ойлағандай бола бермейді. Кейде пендешілікпен бұрыс кетіп қалатын да кездер болады. Әсіресе, өмірден өткен жандардың көзден де, көңілден де жырақ қалатыны өкінішті-ақ. «Qamshy KZ» сайтында жарияланған мына бір мақала да сондай өзекті өртер өкінішті қозғапты.

«Қазақстан айттыс ақындары» деп айқайлапты кітап жазғандарын қайтесін, ішінде Шынболат Ділдебаев жоқ! Кітапты қолыма алғанда бірден Шынболатты іздедім. Таппадым. Кітапты орнына қоя салдым», деп жазады журналист Нұрсерік Жолбарыс қамшы сілтеп. Жүрсін ағамыз Шынболатты ұмытуы мүмкін емес еді. Заманында бір-бірімен араласқан адамдар ғой. Кезінде Н.Назарбаевқа арнау жазып, арнауында бар қазақтың мұқтажын жоқтаған Шынболат еді. КСРО қылышың сүйретіп тұрғанда «Шындық» деп жырлаған Шынболат еді. Н.Назарбаев Жезқазғанға келген сайын кездесетін Шынболат еді. Кітаптан таба алмағанымыз өкінішті. Кезінде Шынболаттың «Шындығын» тыңдаған Халық қаһарманы Қасым Қайсенов «Сен шын мәнінде бұл бейбастақ сойқан заманның бүгінгі

Бұқар жырауысың. Сен өзіңнің әділетті аңсауыңмен, шыншылдығыңмен, бет қаратпас қайсарлығыңмен, адамгершілік парасаттылығыңмен, жыршылық мәнеріңмен қазақ өнерінің аспандап тұрған жұлдыздарының ең жарқырап, көзге түсерісің! Сенің атыңды қойған адамның тегін адам емес екені де көңілге ризашылық ұялатады» деп жүрекжарды пікірін білдірген екен.

Сөйле, Тілім, Аландама, тартынба, Найзағайдай шындықты айтып жарқылда!

Қалай ғана өмір сүрдім дей алам, Бір ауыз сөз қалмаған соң артымда?! – деп басталатын толғауды естіген қазақтың көзіне жас алмағаны кемде кем. Халықтың ойындағы, көңіліндегі, жан түкпіріндегі шындықты дөп басқан Шынболаттай ақын дәл сол кезде болмады. Ақын бір ғана «Шындықпен» шектеліп қалмады. Жырларын жалғастырып, «Ашы-

ну», «Ұят болды-ау!» атты өлеңдерін өмірге әкелді. Бұл жырларында да қазақтың мұны, қоғамның дерті, заманның қиындығы ашық көрініс тапты. Ақынның бұл толғауларына басты ортақ тақырып – ұлттың келешегі, қазақтың санасының оянуы арқау болды. Ақын осынысымен ұйықтап жатқан қалың елді дүр сілкіндірді. «Шындықты» жаттап алмаған бала, айтпаған кәрі-жасы қалмады. «Шындық» қазақтың бойына қан болып жүгірді. Ақын Бүркіт Ысқақов «Міржақып Дулатовтың «Оян қазақ» жырынан кейін батыл да ащы жыр ол Шынболаттың «Шындық» толғауы болды. Аз ғана уақыттың ішінде бұл жыр алыс шет елдерге тарап кетті» деп жазады. Расымен де, Шынболаттай шындықты көрсеткен ақындар сирек. Дастарқан басындағы лирикалық өңдерден басқаны қаламайтын Кеңестік идеология үшін мұндай толғаулар жай отындай еді. Жазушы Шерхан Мұртазаның өзі Шынболатты Махамбет пен Ақтамберді жыраулардың жалғасы деп білетіндігін айтып, ерекше құрметтеуі осындай болса керек. Бүгінгілер Қасым мен Шерханнан, Бүркіттен артық па екен?! Кітапқа қоспағаны ұят болды!

Нұрсерік ЖОЛБАРЫС  
«Қамшы» сілтейді.

# АЛАПАТ АПАТТЫҢ ЗАРДАБЫН ТАРТЫП ЖҮРГЕНДЕР ӘЛІ ДЕ БАР

*Ағымдағы жылдың 19 мен 21 ақпаны аралығында Түркістан қаласында Чернобыль апатын залалсыздандыруға қатысқан ардагерлердің республикалық конференциясы өтті. Биыл осы апаттың жойылғанына 36 жыл толады.*

Апатты жоюға қатысқан Қазақстан азаматтарына Алматы қаласы, Райымбек аудандық қоғамын басқарушы Чернобыль ликвидаторы Берік Жаңабайұлы Сыдықов арнаған өлең жолдарынан үзінді келтіре кетейін:

Түсінгеннің алып біткен мазасын,  
Айтшы, мұның кімге қиям жазасын.  
Радиация үнісі қырғын жасаған,  
Айтып тұрмын

Чернобыльдің азасын.  
Жау екен ғой жетпей тұғын дауым да,  
Қалай етем оқ боп борап, жауам ба.  
Көрінбейді, қалай қырғын саларсың,  
Менің жауым көрінбейді көзіңе,  
Менің жауым құлақ аспас сөзіне,  
Менің жауым батыр екен байқадым  
Аузыңды ашсаң тура шабар өзіне.



— Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елді, азаматтық қоғамды бірлікке шақырып отыр. Президентіміздің мәлімдемесіне қолдау білдіре отырып, ел бірлігін бекемдеуге және қоғамдық келісім мен татулықты нығайтуға өз үлесімізді қосуды азаматтық парызымыз деп санаймыз. Міне, осы апатты жоюға қатысқан Чернобыль ардагерлерінің республикалық конференция тақырыбы «Қоғамның қуатты күші – бірлікте» аталуы да осыдан хабар береді. Мұндай алқалы бас қосу облыс орталығында тұңғыш ұйымдастырылып отыр. Бұл конференцияға 17 облыс қалаларынан өкілдер қатысауда. Бұл жер-жердегі қоғам төрағаларының 36 жылдан кейін бірінші үлкен бас қосуды болып табылады.

Конференцияның негізгі жоспары үш күнге бөлінген. Бірінші күні әр облыстағы төрағалардың атқарып жатқан жұмыстарының есебін тыңдап жұмыс бағытын бірлесіп анықтау.

Екінші күні Чернобыль ардагерлерінің Республика деңгейіндегі оң шешімін таппай жатқан мәселелерді бірігіп талқылау.

Үшінші күннің мақсаты бәрімізді ауызбіршілікке, ынтымаққа шақыратын үлкен бір ұжым құру болып табылады.

Ал, 24 ақпанда республикада ардагерлер кеңесі болады. «Кеңестің басты мақсаты Чернобыльге қатысқан ардагерлер заңын қарау жөнінде, соған дұрыс ұсыныстарымызды ұсыну, президентімізге үндеу жолдау», – деді республикалық «Чернобыль ардагерлері және мүгедектері» ҚБ үйлестіру кеңестерінің төрағасы Бақытжан Әшірбаев.

Ол сөз барысында 2001 жылы Чернобыль ардагеріне арналған төсбелгінің шыққанын, бұл төсбелгі сенің ардагер екендігіңді білдіретінін атап өтті. Қоғамның өз алдына гимні, туы бар екенін айта кетті. Орталық кеңсе Шымкент қаласында орналасқаны да ескерте кетті. Бұған дейін ауқымды жиын 2003 жылы Шымкент қаласында өткізілгенін хабардар етті. Келесі сөз қоғамның алғашқы төрағасы Болат Исаевичке берілді. Ол «Чернобыль ардагерлері мен мүгедектері» қоғамын алғашқылардың бірі болып қалай құрғанын, оның ең алдымен Алматы қаласында болғаны туралы қысқаша баяндап өтті. Осы қоғам құрамында атқарылған іс-шараларды айта келе залда отырған ардагерлерге бір үлкен ұйымға бірігуді, дұрыс шешім қабылдай отырып жұмысты бірлесіп істеу керек екенін ескертті.

Осыдан кейін «Чернобыль тағдыры» атты бейнеролик көрсетілді. Чернобыль гимні ойналып, отырған ардагерлер тік тұрып өмірден озғандарға бір минут үнсіздікпен тағзым етті. Келесі бейнеролик Түркістан облысы ардагерлерінің атқарған іс-шаралары туралы болды. Қоғам төрағасы С. Нахбаев есеп бере отырып үлкен жетістіктерімен бөлісті. 2011 жылы Чернобыль ардагерлеріне ескерткіш орнатылғанын, қала орталығында ардагерлерге арнап музей ашқанын, қазір сол музейге келушілер санының көбейгенін тілге тиек етті. Екіншіден ликвидаторларға арналған денсаулығын түзету орталығы, емделетін госпитальдың

бар екенін хабардар етті. Осы Чернобыль ардагерлері гимнін Шымкент қаласының ақын жазғанын атап өтті. Бақытжан Әшірбаевтың қоғамды құрудағы мақсаты ардагерлерге, олардың отбасына, өмірден өткен ардагерлердің балаларына, әйелдеріне көмек қолын созу, барлық жағынан жағдай жасау екендігіне ырзалығын білдірді.

Нұр-Сұлтан қалалық қоғамының төрағасы Аделхан Ахметов бүгінгі жиынға жиналған барлық қатысушыларға алғысын айта келе, өздерінің атқарған іс-шараларынан бейнеролик көрсетіп, жетістіктерімен бөлісті.

Бұдан кейін сөз алған Алматы қаласының төрағасы Камал мырза қоғамдағы атқарылған ауқымды жұмыс барысын қысқаша баяндады. Бүгінгі құрылтайға қатысушы ардагерлердің дендеріне саулық тілеп, алға қойған үлкен істің тез шешімін тауып бір кісідей жұмыла жұмыс істеуге шақырды.

Осы ретте сөз алған Алматы қаласы Райымбек аудандық қоғамының төрағасы Берік Сыдықов өз ұйымындағы істеліп жатқан ішаралардың нәтижесімен бөлісе келе ардагерлер құрметіне өзінің екі өлеңін оқыды: «Емханада», «Чернобыль азасы». Келесі сөзді Чернобыль ардагерлер қауымдастығы Орталық кеңесі төрағасының орынбасары Хусайын Мұстафа алды. Ол қазіргі кезде Талдықорған қалалық қоғамының төрағасы. Ол осы қоғамдағы еңбек жолы сонау 1996 жылдан басталғанын, содан бері қаншама асулардан асып жұмыс істеп келе жатқандығын, ендігі кезекте осы бүгінгі көтеріп отырған ең басты мәселе бәріміз бір орталыққа бағынуды, барлық азаматтық қоғам институттары осы кезеңде еліміздің бастан кешкен қиындықтарын бірге өткізіп, үлкен белестерді алуға атсалысуға, еліміздің дамуы мен демократиялануына өзіндік үлес қосуға шақырды. «Мынау Қазақстанның 17 облысынан өкілдер келіп, өтіп жатқан құрылтайдың қаншама маңызды екенін түсіне білу керек», – деп атап өтті ол. Осы бүгінгі конференцияның Түркістан қаласында өтуінің тарихи маңызы бар. Ежелден Түркі халқының отаны болып саналатын Түркістан осы үш жылда туристер көп келетін тарихи орталыққа айналып отыр. Келешекте үлкен туризмге жол ашатын, ұлттың тарихында қалатын қалаға айналатынына сенім зор. Осы жиынның Чернобыль апатына 36 жыл толғанда осындай деңгейде өтіп жатқан бірінші форум екенін атап өтті. Енді осы жылдарды артқа тастап біз болашаққа бой ұрып осы үш күнде талай істі шешуге тиіспіз. Біріншіден жас ұрпақ мәселесі, екіншіден жесірлер (асыраушысынан айырылған) т.б. көптеген мәселелер алға қойылып оң шешімін табу керек, – деді Хусайын аға сөз соңында. 2020 жылы Чернобыль ликвидаторлары Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен бірдей болып теңескені туралы да сөз болды.

Павлодар қаласы «Чернобыль Одағы» қауымдастығының төрағасы Деймунд Виктор, Қызылорда қаласында осыдан 22 жыл бұрын құрылған қоғам – «Чернобыль жесірі» «Ару-Ана» бірлестігінің президенті Раушан Сарымсақова, сон-

дай-ақ Шымкент, Маңғыстау, Атырау, Семей, Сәтбаев, Жезқазған қалаларындағы қоғамдардың төрағалары да тәжірибелерімен бөлісті.

Конференциядан соң қаланың үш жылда көркейіп өскен, үлкен туристер әлеміне айналған сәулетті орындарына саяхат жасадық. «Қеруен Сарай» көпфункционалды кешеніне экскурсия ұйымдастырылды. Алған әсеріміз керемет болды, сол жерде ардагерлер естелік суретке түстік. Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне саяхат та өте әсерлі болды.

21 ақпан күні шешуші шара өтетін Түркістан қаласы «Фараб» кітапханасының үлкен залына республикамыздың бірнеше қаласынан келген 50 ардагер жиналды. Конференцияның республикалық «Чернобыль ардагерлері және мүгедектері» қоғамдық бірлестіктерінің үйлестіру кеңесінің төрағасы Бақытжан Шәкірұлы Аширбаев ашты. Конференция нәтижесінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Чернобыль апатын залалсыздандырушы Ардагерлер ұйымдарының «Қоғамның қуатты күші – бірлікте» атты республикалық конференциясының Үндеуі жолданатын болып келісілді.

Осымен бір ауыздан қабылданып, үлкен бір орталыққа біріккен ұжым жаңа өмірге жол тартты. Келген ардагерлерге Түркістан әкімшілігі атынан естеліктер табыс етілді. Барлық конференция ардагерлері естелік суретке түсті.

Мен, осы конференцияға Жезқазған қаласының Чернобыль ардагерлері жесірлерінің сұрауы бойынша барып, қатысып қайттым. Үш күндік құрылтайға 17 облыс, қалалардан келген төрағалар есебінен алған әсерім зор болды. Олардың жергілікті әкімдіктермен тығыз байланыста жұмыс істеп, өзекті мәселелерді бірігіп шешетіні маған қатты әсер қалдырды. Қолдарынан келгенше әр ардагерге, асыраушысынан айырылған отбасына көмек қолын созуы құптарлық іс. Әр облыстың атқарған іс-шараларын, ауқымды жұмыстарын бағалай келе көңілге түйген ойларым көп болды. Сол жерде жүріп Жезқазған қаласындағы ұйым жұмысының «әттеген-ай!» деп қанжылтатын жерлерінің көп екенін, ардагерлердің басын бір жерге біріктіре алмай отырғанын, қоғам мүшелері өмірінде шешімін таппай жатқан мәселелердің аз еместігін түсінгендей болдым. Төрағамыздың Чернобыль ардагерлері жесірлерін керексіз адамдай көретіні, әкімдік тарапынан оларға деген қамқорлықтың тиісті деңгейде еместігі ойыма оралып көңілім құлазыды...

Болашақта осы мәселелер өз шешімін табады деген үмітіміз әрине үзілмек емес. Сол конференциядағы үш күнді көрген, естіген жақсы жаңалықтарымымен аймақ ардагерлерімен кештеу де болса бөлісуді жөн көрдім. Алдағы уақытта бір жерге біріккен ұйым жұмысының алға басуына, туындаған мәселелер шешімін бірге талқылап оң шешім қабылдауға баршамыз атсалысармыз деп сенгім келеді. Қоғамымызға үлкен табыстар тілеймін.

**Алтынай ИБРАГИМ,**  
**Чернобыль ардагерінің жесірі.**  
*Түркістан – Жезқазған қаласы*

*Ұлытау ауданы, Аманкелді ауылы, Ырғайлы-Жыланыық өзенінің бойындағы Қаратал жерінің Төлеген қыстағында дүниеге келген өлкетанушы, еңбек ардагері Мұстафа Мусипұлы МУСИПОВТЫҢ туғанына биыл 90 жыл толып отыр. Ол кісі еңбек жолын 1950 жылғы Жезді қалашығында қарапайым жұмысшы болып бастаған. 1954-1956 жылдар аралығында әскер қатарында болып, одан кейін Қарағанды облысының Долинка қаласындағы Мицурин совхоз-техникумын техник-механик мамандығы бойынша бітірген. Сол уақытта туған ауылы Аманкелді совхозында уақытша совхоздың бас инженері болып жұмысқа орналасады. Ал 1969 жылдан бастап 1992 жылға дейін Аманкелді совхозының машина-тракторлар ауласының меңгерушісі қызметін атқарады.*

## ӨЛКЕТАНУШЫ, ӨНЕРТАПҚЫШ – МУСТАФА ӘКЕЙ

Мұстафа Мусипұлы ел арасында өнертапқыш азамат ретінде кеңінен танымал. Ол кісінің қол еңбегін жеңілдету мақсатында ойлап шығарған, буылған шөпті үлкен тіркемелерге артуға арналған, қолдан жасалған шөп тиейтін агрегат туралы бүгінгі ұрпақтың бірі білсе, бірі білмеуі де мүмкін. Бұл ол кісінің ауыл шаруашылығына әкелген жаңалығы деуге болады. Осы еңбегін растайтын рационализаторлық ұсынысы үшін берілген куәлігі мен ақшалай сыйақы беру жөніндегі бұйрық қор құжаттарында сақталған.

1980 жылдардың басынан бастап өлкетану ісімен айналысып, бұл сала бойынша да біраз игілікті жұмыстар атқарған.

Архив ісінің негізгі бағыттарының бірі белгілі тұлғалардың өмірі мен қызметіне қатысты құнды деректерді жинақтап, Ұлттық архив қорын толықтырып отыру болып табылады. Жезқазған қаласының мемлекеттік архивіне жеке тектік қор құжаттары 1981 жылдан бастап қабылданып, алғашқы құжаттар белгілі өлкетанушы, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, сол кездегі Жезқазған тау-кен металлургиялық комбинаты тарихи-өндірістік мұражайының меңгерушісі Сүтмен Бүкірөвтің жеке архивіндегі құжаттарымен ашылды.



лік жары Нағима Жармағанбетованың, балалары Аида мен Ғабиденге жазған аманат хаты, жеке құжаттары, суреттері енгізілген.

Қарапайым еңбегімен ел алғысына бөленіп, ауыл шаруашылығына, өлке тарихына өзіндік үлес қосқан ардақты жан – Мұстафа Мусиповтің жеке тектік қорының құжаттары архивтегі айтулы қорларымыздың бірі болып саналады.

Өзінен кейінгі ұрпаққа ісіменен үлгі болған ел ағасының ерен ең-



*Мұстафа МУСИПҰЛЫ ойлап тапқан шөп тиейтін агрегат*

Мұстафа Мусипұлының құжаттары мемлекеттік архивке алғаш рет 2008 жылы қабылданып, №609 жеке тектік қоры ашылған. Қор құжаттары 1946-2010 жылдарды қамтитын, 29 істен, 301 құжаттан тұрады. Қорында «Сарыарқа», «Мысты өңір» газеттерінде әр түрлі тақырыпта жарияланған мақалалары мен естеліктері, халық батыры Аманкелді Иманов жайында жинақтаған мақалалары мен деректері, жерлестеріміз Баубек Бұлқышев пен ұшқыш Салық Асатов жайында замандастары берген естеліктері, Жәлмен руының шежіресі, көріпкел Әбдіқай мен Әбдіқамит Қоңырқұлжаұлы жайлы материалдар, сондай-ақ «Гидроприбор» ғылыми-зерттеу институты акционерлік қоғамынан, ауылшаруашылық ғылыми-техникалық қоғамының орталық басқармасынан келген хат алмасулары, өмір-

бегі үкімет тарапынан да ескерусіз қалмады. 1982 жылы М. Мусипов «Ауданның 1982 жылғы чемпион-операторы» атағын алса, 1984 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, және «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске – 65 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

Осындай ел мен жер тарихына зер салып, өлшеусіз үлес қоса білген Мұстафа Мусипұлы көзі тірі болғанда бүгінде 90 жасқа келер еді. Бірақ артындағы бала-шағасы, архив қорындағы құнды құжаттарымен Мұстафа әкейдің есімі мәңгі жасайды.

**А. НУРИДИНОВА,**  
**құжаттарды ғылыми пайдалану, жариялау және мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің жоғары санатты архивісі.**



2014 жылдары елдегі бұқаралық ақпарат құралдары мен сол кездерде жұмыс істеп тұрған әлеуметтік желілерде «ASYL ADAM» қоры жайлы кеңінен жазылып жүрді. «Қор ана қаладағы көпбалалы отбасына үй салып беріпті, мына қалада үй-күйсіз жүрген жанға нәтер алып беріпті» деген сипаттағы мақалаларды көп оқитынбыз. Оқитынбыз да сол істің басы-қасында жүрген азаматқа риза болатынбыз. Ал, ол азамат өзіміздің жерлесіміз, іргеміздегі Сарлық ауылының тумасы екенін екінші бірі біле бермейтін... Бүгінде, әлеуметтік жобалардың авторы, заманауи тілмен айтқанда танымал маркетинг-менеджер – Көңілбай ШҮКЕНОВТЫҢ есімі елге тұрмысы төмен көпбалалы отбасыларға үй салып беруші қайырымды жан ретінде кеңінен танымал.

Жуырда біз Көңілбай бауырымызға телефон шалып, аймақтық «Saryarqa» газетінің оқырмандарына өзінің жобалары, алдағы жоспарлары жайлы әңгімелеп беруін өтінген едік.

гінше ішіп жейді. Соны кәсіп деп атайды. Біздікін айтатын болсақ, бұл әлеуметтік жобалар. Негізі, әлеуметтік жобаны жасау өте қиын жұмыс. Ондай адамдар көбіне тарихта қалады. Біз енді атақ, даңқ үшін, ақша үшін жұмыс жасап жатқанымыз жоқ. Біз үшін ақша мақсатқа барар жолдағы құрал. Осы жерде, ақша мәселесі туралы бір әңгіме айта кеткім келіп тұр. Мен өзі

баспана және жұмыспен қамту қоры деген кезде, тегін үй береміз деген кезде адамдардың бәрі шошып қарады.

Екінші – «Аманат драйв» жобасы арқылы баспана, автокөлік және «Бақыт мекені» деп аталатын ауыл шаруашылық өндірістік кооперативін шығардық

Жалпы, кооперация деген қазіргі уақытта көпшілік жерде айтылып жүр. Мысалы үшін кешегі Украинаның соғысынан кейін Белоруссия мен Ресейде кооперация жасап жатыр. Кооперация дегенді қазір бүкіл мемлекетте коалиция деп ауыстырып алды. Негізгі бір мақсатқа жету үшін бүкіл күштерін жұмылдыратындай жағдайға барып жатыр. Бұл жеке адамдардың арасында да, компаниялардың арасында да, мемлекеттердің арасында болатын жағдай. Сондықтан біз халықтың басын біріктіріп, осылай кооператив құрдық. Жалпы, кеңес үкіметі уақытында үйдің бәрін сол кооператив арқылы алған болатын. Кейін мына қаржылық дәуірге өткеннен кейін, қаржы

мемлекетінің зияткерлік меншігі бойынша тауарлық таңба ретінде менің атымда тіркелген. Қазіргі уақытта жақсы нәрсеге талас көп қой. Ондай атаулармен жақсы жұмыстар жасалып жатса оның бәріне келергі болу керек емес.

Менің айтайын дегенім, осы «ASYL ADAM» қоры үй береміз дегенде қаншама адамдар жазды. Тіпті, «біз қиналып жатырмыз, сорлымыз осы үйді маған бер» деген адамдар да болды. Бірақ, біздің қанша қиындық болса да ажыраспаған, қиындыққа қарсы тұра білген отбасыларына ғана береміз деген сөздің өзінің астарында үлкен ұғым жатыр. Шындығында, бізден үй алған адамдардың бәрі бақытты отбасылар. Иә, біздің елдегі отбасылардың бәрі бақытты болуы керек. Қазір бізге хат жазған адамдар, біз сорлымыз деп жазбайды. «Мен бақыттымын, бала-шағам бар» деп бастайды әңгімені. Яғни, біз, көмек сұрайтын адамдардың өздерінің әңгімесін 180 градусқа өзгерттік. Осылай біз жұмысты идеологиядан бастадық. «ASYL ADAM» деген бұл жақсы адамдардың

Көңілбай ШҮКЕНОВ, маркетинг-менеджер:

# «ЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БІЗ ҰСТАНҒАН БАҒЫТТЫҢ»

– Ассаламағалейкум, Көңілбай бауырым!

– Уағалейкумассалам, аға!

– Әлеуметтен көріп жатырмыз, қажылыққа барып қайтыпсыз. Алла ниетіңізді қабыл етсін. Бұл бірінші сапарыңыз ба?

– Әмин. Иә, таяуда Алланың қалауымен қажылыққа барып келдік. Бұл енді бірінші сапарымыз.

– Қажылықтан алған әсеріңізбен бөлісе отырыңыз...

– Көп адам қажылыққа үлкейген соң барамын деп жатады ғой. Негізгі қажылыққа жас уақытта барған дұрыс екен. Өйткені қаншама үлкен кісілер сол жерде Қағбаны жеті рет айналғанда, Сафа мен Мәруаның арасында жүргенде денсаулықтары сыр беріп қалады. Сондықтан жастық шақта барған дұрыс деген ойға келдім. Бұл менің бірінші көкейге түйгенім.

Екінші мәселе, барғаннан кейін сізге екі кез мата береді. Суға түсіп, ғұсыл алып алғаннан кейін. Бұл нені білдіреді? Бұл сіздің өмір бойы жыйған дүниенің, сәнді киімдеріңіздің бәрі артыңызда қалады. Сіз ақыретке осы екі кез матамен ғана кетесіз дегенді аңғартады. Сонда адам ойланады, бұл өмір уақыты екенін. Көзбен көріп, денемнен сезінеді. Балаларыңызға осыны өсиет етіп айтамыз. Яғни сізге осы екі кез матадан киім тіктіруді тапсырасыз.

Үшіншіден, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бұл дүниеде болғанын, оның осы жерде өмір сүргенін сезініп, туәбеге келесіз. «Мың рет естігеннен, бір рет көрген дұрыс» дейді ғой. Сондықтан қажылыққа барған дұрыс екен.

– Жөн екен. Ал енді негізгі әңгімеңізге ойысайық. Сіз айналысатын кәсіп нарықта қалай аталады?

– Жалпы бізде кәсіптен айналысу дегеннің екі түрі болады. Бірі өзін жарылау үшін, ақша үшін айналысады. Екінші адам әлеуметтік қоғамда бір нәрсені өзгерту үшін айналысады. Біздің қазіргі айналысып жатқан кәсібіміз халықтың әлеуметтік саладағы жағдайын жақсартуға бағытталған. Қазіргі заманауи тілмен айтсам – маркетинг десе болар. Өйтпесе өзінің қу қарақан басын асырау үшін жүрген қанша кәсіпкерлер бар. Олар өзі үшін еңбек етеді, өзі үшін тіршілік жасайды. Тапқан таянғанын бала-шағасына береді. Мүмкінді-

бұрын газетке сұхбат берген емес едім. Телеарналарда, ютубарналарға сұхбат бергенмен. Сондықтан Сіздердің газеттеріңіз арқылы оқырмандарға мына жайтты жеткізім келеді. Бірінші, ақша мәселесінде көптеген құпиялар бар. Халық оны біле бермейді. Бірінші құпиясы, ақшаны шығарғандағы өзіндік құны өте қымбат. Мысалы 100 теңгенің жасалу құны 3,5 доллар. Яғни ол жүз теңге минус 1500 теңге болып келеді өмірге. Сол жүз теңгені табу үшін біз дүниедегі ең қымбат нәрсе – уақытымызды береміз. Сегіз сағат жұмыс жасаймыз. Сол 8 сағат жұмысты жаңағы теңгеге көбейтеміз, сонда айдың соңында жалақы шығады. Ал, ол жалақы бізге үй алуға, телефон алуға, машина алуға жетпейді. Яғни, керек-жарағымызды ала алмаймыз. Мұнан кейін міндетті түрде қайда барамыз. Әрине, банкке. Сөйтіп банкке құл болып шығамыз. Сонда есептейік енді. Біз бұл дүниеге ақша тауып, кредит төлеуге келдік пе? Яғни, банкке құл болу үшін келдік пе? Енді мынаны қарайықшы, сол банктердің иелері кім деген сұраққа келейікші. Қазіргі уақытта алған үй, көлік құжаттары банкте тұр. Ал, банк иесінің артында шет ел азаматы тұр. Сонда біз шетел азаматына жұмыс істеп жатқандаймыз ғой. Осы жерде келешек ұрпағымызға тәуелсіздік туралы қандай әңгіме айтамыз. Ал мұны еш жерде айтпайды. Сондықтан біз өз жобаларымыздың бәрін бастағанда Қазақстан мемлекетінің заңына сәйкес, экономикалық жағынан бәрін есептеп, одан кейін маркетингтік жоспарлардың бәрін жасап, бірнеше жылға осыны жоспарлап құрдық. Сондай жоспардың ең біріншісі – «ASYL ADAM» қайырымдылық қорын жібердік халықтың арасына танымал қылып. Бұл

саласындағы алыпсатарлардың жұмыстарының арқасында халықтың бәрі кредитке кіріп, төлей алмайтын қарызға батты. Яғни біздің қаржылық сауатсыздығымыздың арқасында біреулер байып отыр. Біздің осы істеп жатқан жұмысымыздың бәрі халқымыздың келешекте банктерге, басқа біреулерге құл болып кетпеуі үшін.

– Әлеуметтердегі жазбаларда Сіздің қазіргі жобаларыңыз бала кезі армандарыңыз екенін айтады...

– Иә, солай десе болады. Мектепте керемет оқыдым деп айта алмаймын. Бірақ, әдебиет пәнінің мұғалімі менің бір шығармамды сақтап қойыпты. Сірә, кейін сол шығармамды көрсетіп мені ұялтпақ болды ма екен. Өлгі шығарманы оқып отырып қазіргі істеп жатқан жұмыстарымыздың бәрі көз алдыман өтті. Өйткені мен сол кезде бүгінгіні болжағандай жазыппын.

Жалпы, менің әкем өмірден ертерек өтті. Бізді анамыз қиналып жүріп жеткізді. Қатарымыздан қалдырмады. Тоқсаныншы жылдың ауыртпалығын қала да, ауыл да көрді ғой. Оның ауылдықтарға тиген үлесі тым ауыр болды. Соны көріп жүргендіктен де шығар, бала қиялмен өскенде өйтеміні де бөйтеміні деп жазған болуым керек. Болкім Алла Тағала менің санама сол кезде-ақ осы ойды әдейілеп салған шығар.

Негізі, біз бұл жобаларды ертерек бастадық. Бір жобаның шеңберінде екінші жобаны ойластырдық. Бәрі бір-бірімен сабақтас болды. Бірінің кем-кетігін бірі толықтырып жатыр. «ASYL ADAM» қорының негізінде «Бақытты отбасы» жобасын шығардық. Жобаның авторлық құқығы және «Бақытты отбасы» деген сөздің өзі Қазақстан

басын біріктіру, дінге, нәсілге бөлінбейтін осындай қайырымдылық қоры. Мұны идеология дейміз. Кез келген нәрсені идеологиядан бастау керек.

– Қиналған, тығырыққа тірелген кездеріңіз көп болды ма?

– Таза қиналып, әбержіген кездеріміз болды қай алмаймын. Қай істі болмасын бастау үшін қаншама жыл уақыт керек, қаншама қаражат керек. Өзіміздің астымыздағы көлігімізді, дүние мүлкімізді сатсақ та осы жобаны қаншама жылдар бойы Алланың қалауымен алып келеміз. Қаржылай көмек бізге мемлекеттен, болмаса белгілі бір кәсіпкерлерден түсіп жатқан жоқ. Енді, қасымыздағы жора жолдастарымыз бар, осы жобадан жүрген. Негізінен қаржы өзімізден кетеді. Мұндағы мақсат, мүддені ел әлі толық түсіне қойған жоқ деп ойлаймын.

– Ана бір кездері Сіздің қызмет жүйеңіз екіге бөлінді. Жұмыс енді белең алып келе жатқанда ондай шешімге бару кездеріңіз келтірмеді ме?

– Жалпы, анау айтқандай екіге бөлінген ешнәрсе жоқ. Біз жобалардың бәрін, бөлек-бөлек құрғанбыз. Мысал үшін баспана бір бөлек, автокөлік бір бөлек, ауыл шаруашылығын бір бөлек. Енді бүкіл жерде басшы болып өзім жалғыз тұруым мүмкін емес. Сондықтан басшылық мәселесін әр жерден сенімге кірген адамдардан қойдық.

Әрине, қасында бірге жүріп, бірге намаз оқып, бірге шай ішіп жүріп ту сыртыңнан пышақ ұрып кететін жандар да болады ғой. Негізі, біз жасап отырған жобаның иесі халық болғандықтан олар дауыс беру арқылы кез-келген уақытта бас-

## ТАЗАЛЫҚ САҚТАМАҒАҒАНДАР ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНАДЫ

Қаламызда сәуірдің 15-і мен 25-і аралығында «Абаттандыру» жедел алдын-алу шарасы өтеді.

Қала тазалығын сақтамай, қоғамдық орындарда тәртіпбұзушылыққа жол берушілерді анықтап, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ұйымдастырылған рейдтік шараға Жезқазған қаласы полиция басқармасы бастығының бірінші орынбасары Аманжол Кәрімов, жергілікті полиция қызметі бөлімі учаскелік полиция инспекторлары, мәслихат депутаты Амангелді Әлімжан, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің бас маманы Жанас Умбетжанов қатысты.

– Қала тазалығының көңіл көншітпей-

тініне шағымданушы тұрғындар көп. Бұған жауапты бөлімдер мен полиция басқармасы мамандарының жұмысының тиянақсыздығын кінәлайтындар қарасы да қалып. Дегенмен, қала біздің ортақ үйіміз екенін естен шығармағанымыз жөн. Қала ішін шашып, қоқыстарды арнайы орынға апармай көшедегі немесе үй жанындағы қоқыс жәшігіне немесе кез келген бұрышқа тастап кететіндер де аз емес. Осылайша бір жерге қоқыс тау болып үйіле береді. Біздің қызметкерлер қала тазалығына жаны ашымайтындарға жаза қолданып жатыр. Алғашында ескерту береміз. Өйтсе де, мұны түсіне қоятындар

аз. Тұрғындар азаматтық жауапкершілікті сезініп, өзі тұратын қаланың тазалығына алаңдаушылық танытса ешқандай түсініспеушілік орын алмас еді, – деген Аманжол Кәрімов тәртіпбұзушылар жауапқа тартылатынын ескертті.

Жыл басынан бері абаттандыру қағидаларын бұзғаны үшін ҚР ӨҚБҚ-нің 505 бабы бойынша 707 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жедел алдын алу шарасы басталғаннан бері 8 шағын және орта бизнес өкіліне және 39 жеке тұлғаға әкімшілік хаттама толтырылған.

Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН.



шылыққа өзгерістер енгізе алады. Сіз айтқан, екіге бөліну кезінде дауысқа салғанда халықтың көпшілігі маған қарсы дауыс берді. Бұл деген әрине үлкен қасірет мен үшін. Бірақ сол кезде Алланың қалауы солай болған шығар деп артқа шегінуге тура келді. Сол уақытта елдің бетін бұрғандар болды. «Көңілбайға сенбедер» деп ел аралап жүрген белгілі адамдар да болды. Осындайлардың әрекетімен халықтың көпшілігі қарсы шықты. Осы кезде мынаны түсіндік, қаншама жыл бойы халыққа жалпақтап қалғанымен адам оның көңілін таппайды екен. Бір-ақ ауыз сөзбенен сіздің тағдырыңызды шеше салады. Бір адам сіз туралы жаман айтса, соған құлай салады. Ал ол адамның кім екенін тексеріп жатпайды, мүмкін оған біреу ақша төлеп «жаман» деп айтқызып жатқан шығар. Адамның бәрі «ө бәсе сондай екен ғой» деп жамандыққа тез сенеді. Тырнақтың астынан кір іздеген де адамдар бар. Рас, кейін ол адамдар бұған өкінді. Сондықтан бұл екіге бөлінгендік емес. Халықтың көпшілігін маған қарсы қойып мені жұмысымнан шектетті. Оған әрине олардың құқықтары бар. Сөйтіп, «Аманат хоум» тұтастай бір бөлек кетті. «Аманат драйв» жеке шаңырақ көтерді. Бірақ, бұлардың бәрі «ASYL ADAM» қорының шекпенін шыққан жобалар, қазақша айтқанда. Бұл жобалардың көбі менің атымда патенттелген.

– Құрылғаннан бергі жеті жылдың ішінде қанша адамды баспанамен қамтамасыз еттіңіздер?

– Бүгінгі күні автокөлік пен баспана алғандардың жалпы саны мыңға барып қалды. Жалпы, екі бағытта жұмыс жасап жатырмыз дедім ғой. Бірі баспана және автокөлікпен қамтамасыз ету, екіншісі – жұмыспен қамту. Екі бағыттағы жұмыстарымыз да жеміссіз емес...

– Әр аймақтан жер алып, ауыл шаруашылығын құрып жатырсыздар. Сол жайлы ашып айтып өтсеңіз.

– Иә, бұл сол жұмыспен қамтудың тікелей жолы. Бұл ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі. Оны – «Бақыт мекені» деп атадық. Бұл

көлемінде алғашқы жарна төлеу керек. Бір сөзбен айтқанда қалай жобаның мүшесі бола алатын?

– Мәселен, Сізге үйдің не көліктің 30 пайыз ақшасы бар. 10 млн. теңге үй алғыңыз келеді. Осы арманыңызды жүзеге асыру үшін Сіз 3 млн. теңге алғашқы жарнасын төлейсіз. 500 мың теңге 5 процент кіру жарнасын төлейсіз. Кіру жарнасы дегеніміз осы кіріп жатқан «Аманат драйвтың» ішкі, сыртқы шығындарын жабу үшін қажет. Яғни жаңағы он жыл бойы сізге қызмет көрсеткен адамның ақысы деп есептелсін. Одан кейін 3 мың теңге мүшелік жарнасы бар. Ай сайын төленетін. Ол резервтік фондқа кетеді.

Ал енді жаңағы 3 млн. теңгеге келейік. Алғашқы 3 млн. теңгені төледіңіз. Сізге аманат дарайы 7 млн. теңге қосып 10 млн. теңгеге пәтер сатып әпереді. Сіздің атыңызға жазып береді. Автокөлік болса оны да алып, сіздің атыңызға жазып береді. Бірақ «Аманат дарайы» жағынан обременение, яғни, құқықтық ауырталық шарасын қолдана алады. Яғни оны арестке қояды. Сіз оны саға алмайсыз, сіз оны ешкімге сыйға бере алмайсыз. Тек он жыл бойы не жалға бересіз, не өзіңіз тұрасыз. Оны өзіңіз білесіз. Төлемді ай сайын төлейсіз (автокөлік 5 жыл). Бірақ, пайызсыз төлейсіз. Егер төлей алмай қалсаңыз екі ай сізге каникул береді. Үшінші айда – үйді сізден алады. Бірақ, банктегідей сізді тырдай жалаңаш қалдырмайды.

Алғашқы берген 3 млн. теңгеніңді, ай сайын төлеп тұрған ақшаныңды қолыңызға санап береді. Бұл жерде кісі ақысын жемеу деген мәселе тұр. Үстінде пайызы жоқ.

– Сіз бір сұхбатыңызда криптовалюта жайлы айтып өдіңіз. Осы жайлы да ақпарат бере кетсеңіз?

– Криптовалюта деген не? Жалпы осы экокүйенің бәрін бір теңгеге бағындырып қоя алмаймыз. Өйткені теңгенің құны жыл өткен сайын, ай өткен сайын құнсыздала-

сеткіші. Адам жұмыс істесе ақша алады. Жұмыс істемесе ақша алмайды. Яғни бізге жұмысқа тұрмай-ақ, жарнаманың жұмысын, баннерлердің орнын сол жұмыскерлер атқарып, ақша таба алады. Мысалы үшін, біз телеарналарға, өзге де жарнама берушілерге ақша төлейміз. Блогерлер сұрайды, «маған ақша төле, мен саған жарнама жасап тұрамын» деп. Біз неге ол ақшаны қарапайым адамға төлемейміз?!

Одан кейін, мысалы үшін Сіз үй алдыңыз. Сосын үйде отырып алып «мен үй алдым» деп үйге кісі шақырып, құжаттарыңызды көрсетіп, адамдардың бәрине мақтанасыз. Олардың бәрине «Аманат драйвтың» жұмыстарын түсіндіріп айтасыз. Олар үй аламын десе Сіз оларға үйді қалай алғаныңызды, қалай алу керек екенін соларға түсіндіресіз. Сонда сіз бір менеджердің, болмаса көшеде жанып тұрған бір жарнама баннерінің, телеарнаның жұмысын немесе блогердің жұмысын жасап отырсыз. Осындай жағдайда біз неменеге блогерге ақша төлеуіміз керек. Сізге төлеуіміз керек ғой. Сіз осындай жұмыс жасаймын деп, келіп келісім-шарт жасасаңыз, Сізге анау бес пайыз бар емес пе, 500 мың теңге болмаса 200 мың теңгенің 100 мың теңгесі балл болып түседі. Өйткені, Сіз келісім-шарт жасауға, жарнама жасауға жұмыс істедіңіз. Қазір көшеде үй алғысы келетін, бірақ ақшасы жоқ жастар, әйел кісілер бар. Солар бізде

## АҚПАРАТ ҮШІН АНЫҚТАМА:

Көңілбай ШҮКЕНОВ Ұлытау ауданы, Аманкелді ауылында, қарапайым отбасында дүниеге келген.

Әкесі – Қалдыбек дәнекерлеуші, анасы – Ғайша ауруханада санитар болып жұмыс істеген. Отбасындағы балалардың үлкені. Өзінен кейін екі інісі, бір қарындасы бар.

Тоқсаныншы жылдардың тауқыметін тартып өскен ол жастайынан еңбекке араласты. Бүгінгі жетістігіне осы еңбегі, қажыры арқылы жеткен жиі айтады.

Нарыққа 2014 жылы «ASYL ADAM» қоры арқылы кірген Көңілбай жеті жылда мыңға тарта отбасын баспаналы етіп, екі колға бір күрек таппай жүргендерді жұмыспен қамтып, көптің алғысын алып келеді.

осылай жұмыс істеп жүр. Олар халыққа түсіндірме жұмысын жүргізіп, жарнамалап жүргенін білдіріп QR-кодтарын береді. Егер адамдар сол кісінің айтуы бойынша бізге келгенін айтып, QR-кодын көрсетіп, келісім шарт жасаса, біз ана адамға ақшалай төлейтін мүмкіндіктер бар. Сол ақшаны жинақтап олар 30 пайызын, 5 пайызын толықтырып жарна жинай алады. Сіз үй алып, жаңағыдай жарнама жүргізіп ай сайынғы төлемдеріңізді да жауып отыруыңызға болады. Бұл қазіргі уақыттағы кәсіпкердің ең жоғарғы нүктесі.

– Қазір баспана салумен де айналысып жатыр екенсіңдер. Бұл жоспарлы жұмыс па, әлде?..

– Иә, қазіргі таңда біз үйлер салып жатырмыз. Қарағанды қаласында біз жаңа технологиямен үй салдық. Ол тез арада құрастырылатын және энергия ресурстарын көп пайдаланбайтын от жақпайтын, су тасымалытын, кәдімгі заманауи үйлер салып көрсеттік. Яғни қақаған қыстың аязында от жақпай-ақ, еденнен жылыту қондырғыларын пайдалана отырып айына 15-18 мың теңге токқа ақша төлеу арқылы қалыпты температура ұстап тұруға болады. Неге ол 15 мың теңге? Мысалы сіз көмір жақсаңыз одан көп төлейтін едіңіз. Ал мына жағдайда мұздатқыш, пеш бәрі қосылып тұрғанда төлейтініңіз 15 мың теңге. Неге ол үй тез суымайды, жылуды ұстап тұрады. Өйткені ол үйдің сырты «теплоизоляция», «гидроизоляция» сияқты қазіргі заманауи технологияға сай жабдықталып жасалған. Әдемі үйлер. Оны тапсырыс арқылы салуға да болады.

Қазіргі уақытта біз тек қана бір ғана үйлер емес, сонымен қатар тұтас қалаларды да осындай заманауи үйлермен жоспарлап салуды қолға алып жатырмыз.

– Сіз шет елдерде жиі боласыз. Түбі сол мемлекеттеріңіз біріне тұрақты тұруға кету ойыңызда жоқ па?

– Иә, шет елдерде көп боламыз. Шет елге шығу деген шетелге қашу деген мәселені білдірмесе керек. Рас, сондай бір тобыр бар енді. Шет елге кетіп жатқан. Соларға қарап, елдің бәрін солай ойлайтын шығар. Ал біздің баруымыз мүлдем басқа мақсатта. Мысалы, шет елдіктер біздің елімізге келіп компаниялар ашып жатыр. Өздері шет ел-

де тұрады. Неге қазақтарға шетелге шығып, сол жақта компания ашпасақ? Қытайға барып бір завод ашып қоймасқа, неге Түркияға, Өзбекстанға, Ресейде бір завод, комбинат ашып қоймасқа? Сізге де Қазақстанда отырып сол жақтан жеміс жеуге болады ғой, дұрыс па?! Немесе сіз соңғы үлгідегі технологияларды дамыту үшін Қазақстанда ондай мамандар жоқ болса не істейсіз? Немесе бір заводтармен, кәсіпорындармен тәжірибе алмасуға шет елге барасыз. Сондай мақсаттарда шығып жатырмыз. Осылай, шет елге шығып жатқанымызды естіп бәз-біреулер «ойбай бұлар шетелге кетейін деп жатыр екен» деуі мүмкін. Ол енді біздегі қалаптасқан жағдай ғой.

Шет елге барғандағы мақсатымыз – ең бастысы Қазақстанды дамыту үшін жан-жақтан қарап, үйреніп, оқып, тәжірибесін алу, технологияларын қарап, соған сәйкес жұмыс жасау.

– Соңғы сауал. «Туған жерге туыңды тік» деп жатамыз ғой. Осы тұрғанда келгенде Сарық, Ұлытау, Жезқазған өңіріне қатысты жобаларыңыз жоқ па?

– Бар. Жезқазған, Сарық өңірін дамытуға қатысты жобалар әзірлеп жатырмыз. Мысалы үшін Жезқазғанды дамытуға байланысты біз қазір астана салған архитекторлардың бастарын біріктіріп Жезқазғанға бір үлкен қала салатын жоба жасап жатырмыз. Ол негізгі келешектің қаласы болып жоспарлануда. Үйлердің бәрі адреспен емес координаторлық сектормен бөлінетін болады. Үйдің төбелерінде келешекте дүкенге бармай интернет-дүкендерден тапсырыс беріп алдыру үшін дрондар келіп қонатын алаңдар болуы керек.

Әрине, қазір оның бәрін айтқаннан кейін бәз-біреулер «қияли бұл өңгіме айтады екен» деп дүрліктіруі мүмкін. Кезінде миллиардтаған табыс әкелетін компанияларды жүргізу үшін де осындай нәрселерді ойлап, іске асырсақ қалай болады екен дегенде де «қой олай болмайды, біз сияқты ауылдан келген жігіттерге ондай миллиардтық компания қайда?» деп жатпаған болатын. Олар сол баяғы қалпында жүр. Күнделікті нанын табудан әріге бармай. Олар өзгермейді. Өзгергісі де келмейді. Солардың айтқанына қарап отыра берсек,

әрине ештеңе болмайды. Қимылдау керек. Жұмыс істеу керек. Жан-жаққа барып қарап, ізденіп, тауып, іске асыруымыз керек. Басқа елдер қалай дамып жатыр? Олардың қандай ұсынысы бар. Смарт қалаларды дамытуға қандай ойлары бар екенін білу үшін әрине, ұсыныс тастаймыз Жезқазған қаласының дамуына. Ол ұсынысты қабылдай ма, қабылдамай ма? Оған өңір дайын ба, дайын емес пе, біз оны білмейміз ғой. Мысал үшін, қаланың Кеңіріне қарай өскенін қаламаймыз. Сәтбаевқа қарай қосылғанының керегі жоқ. Сәтбаев пен екі ортаны қосу деген – сапырылыстыру деген сөз.

Біздің ойымызша қаланы Кеңірдің қарсы жақ бетіне шығару керек. Мысалы Деев көшесінен тіке өтіп, Бейбітшілік көшесінен тіке көлдің келесі жағалауына шығып кететін. Ол келесі жағалауда арал секілді жер бар. Қазір соған жоспар сызып жатырмыз.

Ал, енді Сәтбаевқа қарай өсіру деген ол енді өте оңай жол деп ойлаймын. Көлдің келесі бетіне шығару жаңа кадам, жаңа шешім. Ол жаққа қарай өтетін үш көпір болуы керек. Дамыған елдердегідей аспалы көпірлер болуы керек. Қорлықты қала салуға мүмкіндік бар. Оның бәрін жоспарлаймыз, ұсынамыз әрине. Оның бәрін мемлекеттің ақшасына емес, үлкен қаржылық тетіктерді тауып, дамыған мемлекеттер сияқты криптовалютамен де қаржыландыруға мүмкіндік бар.

Қысқасы, жоба бар. Үлкен кісілердің басын біріктіріп жасап жатырмыз. Астана маңайына жобаларды жасап бітірдік. Қазіргі жоба – Жезқазған. Қазір тапсырма бердім. Қасымдағы кісілер бәрін орындап жатыр. Алла қаласа бұл «Туған жерге туыңды тік» деген мәселені кететін жоба. Егер де, әкімшілік «бармақ басты, көз қыстымен» қолында дымы жоқ біреуге құр папкісі мен компьютерден алған жобасына қарап бере салмаса, интернеттен алып, қалаға келтіріп жасаған арзанқол жобаларды мақұлдап, тендерді біреулер алып кетпесе. Қазір мұндайға жол бермеуге тырысамыз. Бұрын тәжірибесіз едік. Көп тайталаса қоймайтынбыз. Қазір біздің де азу тісіміз шыққан. Қолымыздағыны беріп қойып, отыра алмаймыз. Жобамызды дәлелдеп, іске асыруға бар күшімізді саламыз.

– Әңгімеңізге көп рақмет!  
Сұхбаттасқан Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

# ӘЛЕУЕТІ – ЕҢ БАСТЫСЫ»

жерде халықтың басын біріктіру арқылы ауыл шаруашылығы санатындағы жерлерді алып соларды қаржыландырып, кейінгі оның иесі де киесі де халық болатын ету. Оның иесі бір адам болсын, мысалы, мен өзім бір шаруа қожалығын ашып, бірнеше жерден жер алуға болады. Оны істеуге мүмкіндік бар. Бірақ, сіз оның жалғыз егесі болғандықтан сізден біреу тартып алуы мүмкін. Немесе сізден кейінгі бала шағаныз ырын-жырының шығаруы мүмкін. Мынадай жағдайда экокүйе құрғандықтан оның иесі халық болуы керек. Сонда оны халықтан ешкім тартып алмайды. Кейін мұнда сол кооператив мүшелерінің балалары келеді, олардың орнына. Сондықтан, бұл жобада негізгі мақсат халықтың басын біріктіріп, ауылшаруашылық жерін айналымға әкеліп, халықтың атына беруіміз керек. Кейін олардан ешкім тартып алмайтындай болуы керек. Мысалы, қазір «мынау найманның жері, мынау қышпақтың жері» деп жатады. Ондай сөз еш құжатта жазылмаған. Ал, біздің «Бақыт мекеніне» кейін келген балалар «бұл менің әкемнен қалған жер» деп толық айта алады. Өйткені оның әке-шешесі осы жерде құрылтайшылардың қатарында болғаны құжатта көрсетіліп тұрады.

Одан кейін, осында түскен ақшаның бәрі, мал-мүлік болсын, техника болсын, жер болсын сол жердегі құрылтайшылардың бәрине бірдей тең тиесілі. Яғни, бұл жобада олардың ақшасын, басқасын біреу басқа жаққа алып қашып кетіп жатқан жоқ. Бұл жерде керісінше ауыл шаруашылық жерлерін алып, соны игеріп жатыр. Негізгі мақсат осы.

– Сіздің қызметтеріңізді алу үшін, яғни, жобаға қатысу үшін қанша теңге

нады. Осы кезде теңгеден алшақтайтын, долларға бағынбайтын осындай ішкі жүйені қалыптастыру керек. Яғни «Стэйл бук» ойынын шығаруымыз керек. Сондай-ақ, тұрақтылық құралы да керек. Доллар қымбаттап кетсін, төмендеп кетсін ақша құнсызданып кетсін, мының бәрінде ішкі нарықты ұстап тұратын «AMANAT COIN» деген криптовалютамен қанаттандыруымыз керек. Мұның артында не тұр дейтін болсақ, «Бит күннің» артында технологиялық прогресс тұратын болса, «AMANAT COIN» да сол техногиялық прогресті пайдаланып, даму. Оның артында автокөлік, баспана, ауыл шаруашылығы өнімдері тұр. Бұл халыққа әр уақытта керек нәрселер.

– Ақпанда өткізген онлайн конференцияңызда Сіз ақшасы жоқ жандардың да өз армандарын жүзеге асыруға болатынын айтып өдіңіз. Енді сол мүмкіндіктер жайлы да айтып өтсеңіз?

– Жалпы, бізде үш түрлі бағытта үй алуға мүмкіндік бар. Бірі ақшасы бар адамдар 30 пайызын салады. Екінші мүмкіндік, ақшасы жоқ адамдар 30 пайызын болмаса 50 пайызын ай сайын жинап алады. Үшінші жоқ – ақшасы жоқ адамдардың бәрі жұмыс жасауға болады. Жұмыс жасаймын дегендер біздің «Аманат драйвтың» платформасына тегін тіркеле алады. Бізге біздің сапалы жұмыстарымыздың бәрін, және өтіп жатқан әртүрлі акциялардың бәрін халыққа түсіндіре отырып, өздеріне балл жинайды. «Балл» – дегеніміз, ішкі ақша десек болады. Бұрын кенес елі уақытында әр адамның жұмысын КТУ-мен есептеді ғой (коэффициент трудового участия). Ал бізде «КРП» деген жүйе бар. Істелген жұмыстың нақтылы көр-

Аз уақытта артық салмақпен күресуге болады. Оның жолы да сан алуан. Жанна Кемалдың негізгі мамандығы – маркетолог. Бірақ 8 жыл бойы диетологиямен айналысып келе жатыр. Қазір ол – Ресейдегі білікті мамандардан үйренгеннутрициолог. Өзі 9 ай ішінде едәуір салмақ тастаған. Алғашында ол 90 келі болған. Қазір салмағы – 53, 54 келі. Осылайша, 9 ай ішінде 37 келіден арылған.

Жанна аз уақытта артық салмақтан арылуға не себеп болғанын айтып берді.

«Мақсатым арықтау, әдемі болу, өзімді жеңіл сезу болды. Денедегі энергияны, жастықты сезіну маңызды болды. Артық салмақ толық өмір сүруге, спортпен айналысуға, сәнді киінуге, салауатты өмір салтын ұстануға кедергі жасады. Осы мақсатта арықтағым келді», – деді ол. Сондай-ақ, диетологтың сөзінше, артық салмақ адамға жас қосады. «25 жасымда 35-40 жастағыдай көрінгім кел-

# «9 айда 37 келі»

Нутрициолог аз уақытта көп салмақ тастау сырын айтты

меді. Артық салмақ адамға жас қосады. Қазір 36 жастамын, бірақ 27 жастағыдай көрінемін. Неге? Себебі менде артық салмақ жоқ. Сонымен қатар, дұрыс тамақтану жас болуға көмек береді. Ол ішкі жағынан ғана емес, сырттай да сондай әсер береді», – деді ол.

Жаннаның айтуынша, арықтаудың ережесі өте қарапайым. «Жай ғана күнделікті қайталанатын әрекеттерді істеу қажет: дұрыс тамақтану, қалыпты ұйықтау, күні бойы белсенді болу. Бұл күнделікті спортпен айналысу дегенді білдірмейді. Ол жай ғана серуендеу болуы мүмкін. Жеткілікті мөлшерде су ішу, психикалық тұрғыда өзіңді жақсы сезіну, гормонды жүйені дұрыстау, мұның бәрі айтарлықтай жақсы нәтиже береді», – деді Жанна Кемал.

Жанна Кемал адамдарда артық салмақтан арылуға жіберетін қателіктерді санапалап берді. Оның сөзінше, көбі жиі жіберетін қате – аш жүру. Оның айтуынша, адамдар өзіне қажет макро, микроэлементтерді рационалдан алып тастайды. Адамдар май, көмірсудан тұратын тағамдарды тұтынбай қалады. Аш жүреді. Жеткілікті су ішпейді, кеш ұйқыға жатады. Осындай қатенің бәрі жақсы нәтижеге жетуге кері әсер етеді. Нутрициолог атап өткендей, дұрыс арықтаудың кілті – тамақтануда. Бәрі жай ғана әрі тамақтануға байланысты. Тамақтануымыз – жетістігіміздің 80 пайызы. Тамақты өзгерту арқылы ғана керемет нәтижеге қол жеткізуге болады. Басқа жолы жоқ. Спорт қалған 20

пайызы деуге болады. Негізгі мәселе тамақтануға байланысты болады.

Жанна кез келген адам қашан артық салмақпен күресу керегін өзі білетінін айтты. «Ешкім сізге арықта деп айта алмайды. Өркіміңіз өз таңдауы бар. Адамдардың сезу қабілеті әртүрлі: біреуге 55 келі артық салмақ болуы, ал тіпті біреуге 80 келі қалыпты өмір сүруге жеткілікті салмақ болуы да мүмкін. Сондықтан «қашан арықтау керек, бұл сізге керек пе?» деген мәселелерді айта алмайды. Оны өзіңіз ғана шеше аласыз. Артық салмақтан арылу кезінде қиындықтар да кездесіп жатады. Кейде қолдау болмай жатады. Мотивация жоғалған кез де болады. Салмақ түспей, бірқалыпты тұрған кезде де осы нәрселер байқалады», – деп түсіндірді ол.

Жанна Кемал тәтті және ұннан дайындалған тағамдарды қолдануға болатынын жеткізді. «Арықтаған кезде тәттіні де, ұннан дайындалған тағамдарды да тұтынуға болады. Бірақ бәрін емес, қашан жеу керетін, мөлшерін білу керек әрі сапалысын ғана таңдау қажет. Жақсы конфет, жақсы шоколад, сапалы ұннан дайындалған тағам, тәтті деген секілді», – деді Жанна.

Сонымен қатар, ол арықтауды мақсат еткен адамдар арасында кездесетін мифтерге тоқталды. «Сағат 18.00-ден кейін тамақ ішпеу – миф. Ұйықтағанға дейін 2-3 сағат қалғанша тамақтануға болады. Арықтау үшін үнемі спортпен айналысу керек деген де пікір қалыптасқан. Бұл да миф. Жай ғана белсенді өмір салтын ұстануға болады. Дұрыс тамақтансаңыз, артық салмақтан арыла аласыз. Ал өзіме қатысты айтар болсақ, арықтаған соң басқаларға көмектесе бастадым. Өмірім дейін және кейін болып өзгерді. Өзіме деген сенімім артты», – деп түйіндеді ол.

Tengrinews.kz.



(Жалғасы. Басы газеттің №12 (8275), №13 (8276), №14 (8277) сандарында.

Иттің жәуітін бабаларымыз нокай деген. Біраз түркі жұрты итті нокай дейді. Қазақтың «эй, нокайың» әр жағында ит екенсің мағынасы жатыр.

Бабаларымыз жырқыштарды да жынысына қарай жіліктей білген. Олардың еркегін – арлан, ұрғашысын – қаншық, баласын – күшік деп атаған. Арыстанның арланы – қамбар.

Қазақ есепшілерінің күн қайыру жүйесінде Ай мен белгілі бір Жұлдыздың кездесуі бар. Соның алғашқысы – Қамбар тоғысы. Осы Қамбар жұлдызы Аймен бес рет тоғысады. Алғашқы рет айдың тоғыз жаңасында тоғысуы – тоғыздық айы (қазан айы) атанған. Келесі кездесу айдың жеті жаңасында өтетіндіктен ол жетінің айы (қараша айы) деп белгіленген. Осы ретпен Қамбардың Аймен бес жаңасында кездесуі – үштің айы (қаңтар), бір жаңасында кездесуі – бірдің айы (ақпан) деп аталған.

Қамбар тоғыз жүйесі бойынша жыл басы ақпан айының бірінші жұлдызы. Осындағы Қамбар жұлдызы деп отырғанымыз Арыстан жұлдызы. Арыстанның қаншығы – қаншыр. Қаншырдың бастапқы мағынасы қан ішер болса керек. Өйткені аңға арыстанның қамбары емес қаншыры түседі. Ал қаншырдың «қаншырдай қатып қалған», «қаншырдай қатпа» сынды ауыспалы мағыналары да оның аңға түсуімен байланысты. Себебі қаншыр үнемі аңға түсетін болғандықтан бойына артық ет жинамайды.

Арыстанның күшігі – шөншік. Кей жерде шөншікті шөнжік деп жұмсартып айту да кездеседі.

Жолбарыстың қаншығы – өлекшін. «Күшігін асыраған өлекшіндей, азғындап шөктің, Сара, жылдан жылға. («Біржан – Сара» айтысы). Күшігі – сарымақ. «Саптыаяқтай еріндім, сарымақтай азулым» (Бұқар жырау). Жолбарыстың арланы – айбар. Осындағы ай түбірлі сөзде көне түрік тілінде айығ түрінде кездеседі. Бұл – ашулы, жауыз деген сөз.

Аюдың арланы – айтыс. Жалпы, аю сөзі жоғарыда аталған ай түбірінен шыққан. Хакас тілінде айдас – күшті, ірі, мықты мағыналарында қолданылады. Бәлкім, айтыстағы тыс сөзі тіс шығар. Сонда ай – тыс «қорқынышты тісті» деген ұғымын бермей ме? Қаншығы – кіркейі. Күшігі – қонжық.

Барыстың қаншығы – таутан. «Алма апаннан аланды, таутан алар баланды» (Мәтел). Күшігі – алан. Арланы – барсақ. Ел ішінде «Таутанын тастап барыс ат, жаға болар ішікке» деген мәтел бар. Осы мәтелде жансақтық орын алған. Дұрысы: «Таутанын тастап барсақ (барыс), жаға болар ішікке». Барсақ қазіргі ұғыммен қарайтын болсақ барынша сақ (аң) деген мағынаны білдіреді. Шын мәнінде барыстың қырағысы (сағы) арланы емес өлекшіні.

Қарсақтың қаншығы – мырсақ. Кей жерде мыршақ деп айтушылық та бар. Қарсақ атауы аң атауы ретінде кейінде қалыптасқанға ұқсайды. Қарсақ деген сөз аңның ұрғашысына қаратылып айтылған сөз. Ендеше жоғарыдағы барсақ пен осы қарсақтың бастапқы мағынасы өзгерген бе дейміз. Күшігі – жәутік. Жәутік нашар деген сөз. Әдетте қарсақтың күшігі әлжуаз болып туады. Тілімізде жаман-жәутік тіркесі бар. Осындағы жәутік сөзі нашар деген мағынаны білдіреді.

Сілеусінің қаншығы – ілбісін. Ел ішінде ілбішін деп айту да кездеседі. Күшігі – інсін. Түлкінің қаншығы – қанжыр. Тіліміздегі қанжырық сөзі осы қанжырмен түбірлес болар. Тура мағынасы – түлкінің қаншығы мағынасында да айтылуы әбден мүмкін. Күшігі – жауан. Арланы – алтын. Алтынның тура мағынасы – бірінші айлакер. Көне түрік тілінде ал – айла, тын (тұң) – бірінші. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген тұңғыш сөзінің мағынасы – бірінші деген сөз.

Борсықтың арланы – борақ. Қаншығы – сасық. Күшігі – эзборак. Борсық та күшігін соқыр туады. Эзборактағы «эз» соқыр деген сөз.

Күзенің арланы – шақар. Қаншығы – шашал. Күшігі – безек. Мәлімнің күшігі – мәулен. Мысықтың еркегі – мыршым. Ұрғашысы – мырсын. Күшігі – соқыр.

Ең соңында айтарымыз, қасқырға қаратылып айтылған бір мәтел бар. «Бөлтірігін алма шуланнның, шұрқан салар қораңа» деген. Қасқырдың кекшіл тағы екендігін білеміз. Оның ішінде шуланнның, оның ішінде бөртеңнің кекшілдігі әлемет. Бұлар нағыз қырпысалдар. Соған орай қазақ аңшылары апаннан күшік алса бәрін алған. Көз алдарында күшігі жүрсе кегін ұмытпайды деп.

**Сонымен жазбамыздың соңына жеткен сындымыз. Қазақ атамыз ітті жеті қазының біріне санаған. Қасқырды да өзінен алыстатпаған. Терісін ішікке жаратса, қыл ақыры өтін емдікке пайдаланған. Шешелеріміздің омырауынан сүт шықпай қалғанда ит емізгендері болған. Итемген есімі соған орай қойылса керек. Қасқыр өтіне жерік болған аңдарымыз да аз болмаған. Есті қазақ бекерден бекер қасқыр ауламайтын болса осындай себептері бар.**

## БӨРІСЫРҒАҚ

*Барып-барып жаяу сырғақ ирелеңдеп басылады,  
Түк болмағандай күнің дағы түтелеңіп ашылады.  
Апта салып көз байлаған перделерің гайып болып,  
Бөрте менен көк серектен аттын иуақ шашылады.  
Әуектің бұл саф тірлігі тоқтап қалған ашылады,  
Серек біткен бір-біріне жақындап кеп қасынады.  
Қолтық қызық басылған соң бөрте қалып соңында,  
Айға қарап бөрі ұлыды, әуектің ең басындағы.  
Бөрісырғақ сап басылған, әуек көшіп бара жатыр.  
Түк көрмегендей,  
түк білмегендей,  
Маңғаз гана дала жатыр.*

**Төрехан ӘКІМЖАНҰЛЫ**

Менің туған нағашым Бітім Көшмағанбетұлы қазақы ұғымдағы аңшы еді. Ешуақытта қолына мылтық, автомат алмайтын. Ешуақытта джип, вездеход, аэрошана мінбейтін. Атпен шығатын, қолына құрық та алмайтын, жалаңқат алатын. Сол нағашымының қасқырдың құтын аламын деп бөлтірік асыраған жылдары болды. Нағашы атам Көшмағанбет көшелі адам еді. Сол кісі баласының осы ісіне қарсы болды. Бала да болсам сол бөлтіріктің тәрбиесіне мен де қатыстым. Оның тәрбиесіне бүкіл ауыл болып жұмылған. Сол бөлтірік бәрібір құтын бермей кетті. Бұл әңгімелер менің құлағымда содан қалған. Әйтпесе, қасқыр тұрсын киікке де шаққан адам емеспін.

Жұрт менің осындай тосын жазбаларыма қарап мені аңқос, аңшы деп біледі. Қайталап айтайын, мен ешуақытта тұз тағысына мылтық кезенген адам емеспін.

Боран, болмаса аяз жөнінде әңгіме қозғала қалса жадымызда Арқа жаңғырып қоя берді. Ал менің жадым тітірініп тұрады. Өйткені менің бабам осы Арқаның алғашқы аязында ұшып өлген. Сол аязды Арқа жұрты күні бүгінге дейін Қырбастан қызыл шұнағы дейді. Қырбас деп отырғанымыз атакты Көкбөрі Жарылап батырдың баласы, Қанжығалы карт Бөгенбайдың күйеубаласы.

Шұнақ деп қазақ баласы құлақ кемістігін айтады. Қырбас бабамыз аязға ұрынып қамшымен қаққанда құлағы қолында қалған ғой...

Бұл кәдімгі желтоқсан айының басы. Бұл Кәмел Жүністеі ағамыздың «Жыл он екі айында» бар. Кәмекен күнін де анықтай түседі. Ақпан айының 4-5-і деп. Қазіргіше айтсақ ақпанымыз желтоқсан айы.

Осыдан кейін өтетін боранды амалымыз – текебұрқылдақ. Ол ай-

тып отырған ақпан (желтоқсан) айының 17-22 аралығы. Екінші аязымыз қантардың басына келген. Оны ауызекі тілде бетжабар дейді. Кәмел Жүністеі күн таласы деп жазады. Кәмел ағамыз оны қантардың 1-2-не келтіреді.

Үшінші аязымыз да осы қантарға келеді. Оны сары аяз, болмаса сарышұнақ аяз, болмаса сарышұнақ дейді. Оны жерде еріксіз басыңызды шайқайсыз. Қазақ жылқыны ғана емес, аяздың өзін де түстеген бе деп. Өйткені қоңыр аяз дегені де бар.

Қаңтарда жүрген амалымыз осы сары аязымыз. Бұрындары бораны күндіз-түні көзіңді буып, аязы көтерілмесе түсе қоймайтын. Бүгінде соның бораны қалып, аязы кеткен сынды. Оны қазіргі ғаламдық жылымықпен ғана түсіндіруге болар.

Осы сары аязымыз қантардың 17-27-не келеді. Кешегі есепші шалдарымыз өзекті жанды бұл аяздан сары алып қалатын дейтін. Бұл не сары десек май деуші еді жарықтықтар. Сонан барып бұл май саратын аяз дер еді.

Осы сары аязымызды жаңсақтықпен, болмаса білместікпен бөрісырғақ деушілер шығып жатыр. Осы жерде барынша жұмсартып ай-

**Төрехан МАЙБАС, жазушы**

# ҚАСҚЫР — БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ КОДЫМЫЗ!



тқанымызбен надандығымыздың иісі шығып тұрғанын несіне жасырайық.

Ең алдымен мұның амал екеніне ден қояйық. Амал болған соң ақ оның сакральды болғандығы. Адам баласы соны шешем деп ақ келеді. Сонан да барып адасып жатқанымыз. Сонымен бөрісырғақ дегеніміз не?

Әуелі осы бөрімізді анықтап алайық. Әрине, ол қасқыр. Әрине, ол қасқырдың арланы. Әрине, ол арлан болғанда жалы. Әрине, ол жал болғанда бөрісі.

Жал деп қасқырдың арланын айтамыз. Қаншығы – шулан. Қасқырдың үйірін әуек дейміз. Осы әуекте шамамен жиырма-отыз қасқыр болады. Орманды қасқырлы орыс жұрты әуекті стая дейді. Әуекті бастаушыны жожақ дейді. Қалай екенін қайдам, біздер осы жожақ сөзінің калькасын жасап көсем, көшбасшы деп жүрміз. Кешегі үлкендер оны әуекбасы деуші еді. Сондықтан алдағы уақытта осы сөзге назар аударсақ деймін. Оның үстіне бізде басқұрт деп айтушылық бар ғой. Осы жерде көзі қарақты оқырманның «сонда абданымыз не?» деуі әбден мүмкін. Абадан дегеніміз де әуекбасы деген сөз. Алайда...

Аңға қасқырлар әуек болып шықпайды. Олардың да қартайғаны, түрлі жаракаттан мүгедек болып қалғандары, аң қағуға жарамайтын көксеректері болады. Сондықтан олардың күш кемістігі білінгенде олар бірігеді. Әуектер күш біріктіреді. Бірнеше әуек топтасып, үлкен бір әуекті құрайды. Соны басқаратын әуекбасыны абадан дейді.

Орман қасқырлы орыс жұртында мұндай ұғым жоқ. Өйткені орманда жемтік жеткілікті. Оларда бәрі жожақ. Сондықтан абадан сөзіне құрметпен қарап, жөнімен қолданғанымыз дұрыс болады. Бабаларымыз «абадан байрақты» деп тегін айтпаса керек. Және оны сакральді сөз деп қабылдайды.

Тақырыбымыздан ауып барамыз-ау дейміз. Қайтып оралайық. Көкейімізге келіп тірелген сауал әуек қайтып көбейді деген сауал болса керек. Шынымен, қайтып? Жұптасып, әрине.

Жұптасып деп текке айтып отырғанымыз жоқ. Қасқырлар бір-ақ рет жұп құрады. Және әуекте мұндай бір-ақ жұп болады! Міне, мәселе қайда?

Жұпка түсетін қасқырдың арланын бөрі дейді. Арланның жал екенін білеміз, қарап отырсақ жалдың барлығы бірдей бөрі бола алмайды екен. Моғал тілмен айтсақ әуектегі қасқырлардың тұқым шашатыны біреу болады, сол біреуімізді бөрі дейді.

Тілімізде жиілігі жоғары бөрікөз, бөрімінез, басқа да бөрі сөзімен қатысты сөз тіркестері жеткілікті. Осы тіркестерден-ақ бөріде сакральдық қасиеттердің барлығы білінеді. Ол не қылған қасиеттер?

Ол ең алдымен әуектің иесі. Бүгін де! Ертең де! Ол әуекті құрайтын қасқырлардың аналығын таңдай білуі керек. Ол келешек ұрпағының жататын жерінен жаңылыспауы керек. Ол қаритын қаншығын жазбай тануы керек. Таңдау жеткілікті. Мың емес, жүз емес, алайда жеткілікті. Таңдау жасалғанда оны бөрте дейді.

Осы жерде естеріңізге ештеңе түспей ме? Бөрте деген түп апамыз бар емес пе еді? Ол апамыз жанаңды тітірктен Темужиннің таңдауы емес пе еді? Кешегі Абылай, кешегі Кенесарының... мамасы емес пе еді? Мама сөзіне де шектен қарап жүрген жайымыз бар. Қазақ баласы әжеден кейінгі әжемізді мама деген. Салыстырыңыз: маманне, мамақаз, мамақазық. Үйші қауымдар жалпы ағаштың ұрғашысын

мама деген. Содан барып ағаштың барша ұрғашысын мамағаш дейді.

Бөрінің бөртеңі таңдауы өте маңызды. Өйткені әуектің одан әрмен өсіп-өнуі осы бөртеге байланысты. Әуектің ертенін осы бөрте шешеді. Қандай жағдайда болсын бөрте «қысыр» қалмайды. Бір жағдайда тоғыз, енді бір жағдайда жалқы табуы мүмкін. Неге? Қасқырлар қоғамдасып өмір сүретін мақұлықтар. Қоғам болған соң-ақ онда да кемістіктер болады. Кәмел қоғам ешқашан да болған емес, болмайды да. Соның жарқын көрінісін осы әуектің мысалынан көруге болады.

Аңға топтасып шығады, түсірген олжаларын өзара бөліседі. Ол олжадан ешкім де сырт қалмайды. Әлі аңға жарамайтын қарақұлақтарын ешуақытта аш қалдырмайды. Әуек ең алдымен соларды қоректендіреді. Содан кейін аңға шығуға жарамайтынды... Сол аңға шығамын деп жаракат алып, мүгедек болып қалғандардың кезегі қарақұлақтардан кейін тұрады. Осыдан кейін қасқырларды текті демей көріңіз! Уау, сонда аңшылардың өздері қайда қалады? Олар өздерін де ұмытпайды. Соны бөрте шешеді.

Айналадағы қорек жеткілікті болғанда тоғыз табады! Қорек мардымсыз болғанда жалқы табады! Бірақ ешқашанда жоғарыда айтқанымыздай қысыр қалмайды! Қасқыр ешуақытта құтын босқа шашпайды! Сондықтан да бабаларымыз оны тәңірқұт деген.

Әңгімемізге қайтып оралайық. Қасқырдың тектілігіне көзіңіз енді жетеді! Бөрі мен бөрте мойнына алған шаруаларын басқа мақұлықтар сынды ашық, кез келген жерде жасамайды. Олар бұл жауапкершіліктерін жасырын жасайды! Әуектен бөлініп, көзден таса жерде. Бір жаратушы ақпанның ақырған боранын осы бөрі мен бөрте үшін әдейі жіберген сынды көрінеді. Әуектің қалған көзінен жасырынуы үшін...

Осы амалды бабаларымыз бөрісырғақ деген. Бұл амал ақпан айының 17-25 аралығында өтеді. Қасқыр баласын 63 күн көтереді. Содан барып қарақұлақтарын сәуір айының аяғында әкеледі. Қыс ішінде қасқыр (бөрте) күшіктеді деген әңгімені естімедік.

Қоңыразымызды ұмытып барады екенбіз. Ол Үркер ауғанда түсетін шымшыма аяз. Ел ішінде ұтаыз деп айтушылық бар. Өйткені ақпан кіргенде ұт түсетіні белгілі.

(Жалғасы бар).

# ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТ – ҰЛЫ ҚҰРМЕТ!

**Мектептің тірегі де, жүрегі де, білімнің тұтқасы да – мұғалім. Бала тағдыры қолына сеніп тапсырылып отырған басты тұлға да ұстаз екені баршаға белгілі. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, тәлім-тәрбие, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Тәуелсіз ел атанып, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуі қажет. Осы егеменді, Тәуелсіз Қазақстанда өркениетке анапар жолдың бастауы – мектеп десек, мектептің басты тұлғасы – мұғалім.**

Адамның адам болып қалыптасуына ата-аналармен қатар, мұғалімнің де рөлі зор. Осы ұстаздар жайында халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет». Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбеккер егіншісін де, кенішісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ әкелген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солдай ардақтауға міндеттіміз» деген. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – мұғалім дей келе, тарихы бір ғасырды жырлайтын, тамырын теренге жайған, ұлағатты ұстаз Қуаныш Қулашова туралы сыр бөліспекшімін.

Қуаныш Кәлімжанқызы бүгінде педагог-зерттеуші, біліктілігі жоғары маман иесі. Ол 1962 жылы 12 сәуірде Қарағанды облысы Ұлытау ауданында дүниеге келді. 1979 жылы Сарлық ауылындағы №3 мектепті бітіріп, 1981 жылы арман қуып Жезқазған педогогикалық училищесіне оқуға түсті. 1984 жылы оқу орнын бітірген соң, алғашқы еңбек жолын туған жерінен бастады. 1988 жылы

отбасын құрып, Ақтас кеңшарындағы №12 мектепте еңбек жолын жалғастырды.

2001-2004 жылдары Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін бітіріп, жоғары білім алды. 2012 жылдан бері Жезқазған қаласындағы №10 жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқаруда.

Ұстаздық еңбегі бағаланып, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін қалалық оқу бөлімінің Мақтау грамоталарымен және Жезқазған қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Елімізде серпін алған «Рухани жаңғыру» бағдарламасына орай, 2020 жылы «Ұстаздар ізі – мәңгілік-2» атты кітапқа есімі енді. Өрлеу біктілікті арттыратын ұлттық орталықтың ұйымдастыруымен «Математика сабағында бастауыш сынып оқушыларын оқыту әдістемесі» авторлық кітапшасы жарыққа шықты. Қазақстан Республикасы бойынша білім беру мекемелерінің қатысушылары арасында «Қазақ тілі», «Математика» пәні бойынша оқушылары жақсы нәтиже көрсетіп, республикалық олимпиада жүлдегерлерін дайындағаны үшін Алғыс хатпен марапат-



Ақтолқын ЖАКЕНОВА, №10 мектеп мұғалімі

талды. Көптеген қалалық, облыстық, республикалық марапаттарға ие. Жан-дүниесіне үніле қарасаңыз, өте байсалды, білімді, терен ойлы, тұлға бойы тұнып тұрған талант иесі. Бір жымығанының өзі адамды шабыттандырып, керемет бір күйге бөлейді. Нағыз шебер ұстаз болу үшін уақыт пен ыждаһатты еңбек, балаға деген сүйіспеншілік керек. Олай болса, ұстаз еңбегі еселене түссе демекпін. Ұлағатты ұстаз иесі Қуаныш Кәлімжанқызына шығармашылық табыс, еңбегінің зейнетін көруге тілектеспін.

Ақтолқын ЖАКЕНОВА, №10 мектеп мұғалімі

## ӘЛЕМДЕ

### Түркияның денсаулық сақтау туризмі секторының кірісі 10 миллиард доллардан асты

*Түркияда емделу әлемнің көптеген елдеріне, әсіресе Еуропалық одақ тұрғындарының арасында өте танымал. Бұл туралы Анталия халықаралық сауықтыру туризмі және білім беру қауымдастығының (UASTED) басшысы Мехмет Канполат мәлімдеді, – деп хабарлайды Қазақпарат Анадолы ақпарат агенттігіне сілтеме жасап.*

Канполат елдің денсаулық сақтау туризмі секторының кірісі президент Режеп Тайып Ердоғанның 2023 жылға қойған мақсатынан асып түскенін атап өтті. «Бұл саланың кірісі жылына 10 миллиард доллардан асты», – деді UASTED басшысы. Ұйым басшысы шетелдіктер Түркияға негізінен тіс емдеу, онкологиялық және эстетикалық ота жасауға келетінін айтты. Сондай-ақ ол соңғы жылдары Түркияда түркітілдес елдерден келген науқастардың көбейгеніне назар аударды. «Әлемдегі сауықтыру туризмі нарығының көлемі 100 миллиард долларға жетеді. Соңғы он жылдағы инвестицияның арқасында Түркия сауықтыру туризмі саласында алғашқы бестікке енді», – деді Канполат. Бұл ретте ол Украинада соғыс басталғаннан кейін Түркиядағы емдеу мекемелеріне Ресейден келген науқастардың саны арқанын атап өтті. «Ресей мен Украина арасындағы соғыс аяқталғаннан кейін бұл елдер азаматтарының Түркияда емделуде деген қызығушылығы жоғары болатынына сенімдімін», – деді UASTED басшысы.

### БҰҰ Украинадан кеткен босқындар санын айтты

*БҰҰ Украинадан кеткен босқындар саны 4,9 миллион екенін мәлімдеді, – деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссар басқармасының сайтына сілтеме жасап.*

БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссар басқармасы 24 ақпандан бері Украинаның көрші елдермен шекарасынан 4934415 босқын өткенін хабарлады.

17 сәуірдегі жағдай бойынша, Польша шекарасынан 2780913 босқын өтсе, Румынияда – 743880, Ресейде – 522404, Венгрияда – 461539, Молдовада – 423852, Словакияда – 337311, Беларусьте – 2396 босқын.

### Covid-19: Шанхайда өлім жағдайы қайта тіркеле бастады

*Қытайдың ұлттық денсаулық сақтау комиссиясы Шанхайда коронавирустан үш адамның қайтыс болғаны туралы хабарлады.*

Қалалық денсаулық сақтау комиссиясының мәлімдемесінде қайтыс болғандар 89 жастан 91 жасқа дейінгі «денсаулығына байланысты проблемалары бар» қарт адамдар болған.

Денсаулық сақтау органдары сонымен бірге Covid-19 жаңа асимптоматикалық жағдайының анықталғанын хабарлады.

Айта кетейік, пандемия басталғалы бері Қытайда вирустан жалпы 4641 адам көз жұмды.

### Алмазбек АТАМБАЕВ 27-ші түзеу колониясына ауыстырылды

*«Алмазбек Атамбаев Шу облысы, Аламүдүн ауданы Молдовановка ауылындағы жалпы режимдегі 27 мекемеге ауыстырылды», – деді қызмет өкілі.*

Бұған дейін Қырғызстанның бұрынғы президенті Алмазбек Атамбаев Шу облысы Петровка ауылындағы 8-ші түзеу колониясына ауыстыруды сұраған. Оған дейін ол Бішкек қаласындағы госпиталь типіндегі 47-колонияда жазасын өтеген.

2011-2017 жылдар аралығында Қырғызстан президенті болған Атамбаев 2019 жылы маусымда президенттік иммунитетінен айырылып, оған жемқорлық үшін айып тағылған болатын. Ол 2019 жылдың 8 тамызында Бішкек іргесіндегі Қой-Таш ауылындағы тәртіпсіздіктерден кейін ұсталды.

2020 жылдың қазан айында ел президенті Сооронбай Жээнбековтің отставкаға кетуіне әкелген оппозиция жақтастары мен қауіпсіздік күштері арасындағы қақтығыстардан кейін билікке елдің қазіргі Президенті Садыр Жапаров келді. Содан кейін бірқатар саяси тұтқындар, соның ішінде Атамбаев түрмеден босатылды, бірақ бірнеше күннен кейін ол Бішкектің орталығында жаппай тәртіпсіздіктер ұйымдастырды деген айыппен ұсталды.

*Материалдар «Егемен Қазақстан» газетінің сайтынан алынды.*

## ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

*Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін келбеті, ұлттық болмысы.*



Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес. Алайда, кейбір мекемелерде қазақ тілінің ахуалы ақап тұр. Расында қазақ халқының басында талай қиын нәубет, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Дегенмен еліміз сан ғасырлар аңсаған тәуелсіздікке қол жеткіздік.

Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін өсіруге қатысты мәселелер әрбір қазақстандық үшін, барша халық үшін аса маңызды деп есептеймін. Себебі, өз тіліміздің тағдыры мен келешегін өзімізден басқа кім ойлайды?! Қазіргі таңда әрбір мемлекеттік органда, ұжымда мемлекеттік тілдің қолданысы аясын кеңейтіп, мәртебесін көтеру бағытында игілікті жұмыстар атқарылууда. Оған қазыдан бастап, қатардағы қызметкерге дейін бір кісідей жұмылып атсалысууда.

Зандық тұрғыдан қарасақ, елімізде мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін нығайтуға бағытталған заңнамаларымыз жеткілікті. Соның бірі – мемлекетіміздің «Тіл туралы» Заңы, осы заңнамалық құжаттың талаптарына сай, Жоғарғы Сот төрағасының «Іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы» өкіміне сәйкес жүзеге асырылады. Тиісті жұмыс жоспарына сай, соттың негізгі қызмет мәселелері жөніндегі өкімдер, өндірістік, жедел кеңес хаттамалары, дәрістері мемлекеттік тілде өткізіледі.

Бүгінгі заманда бірнеше тілді меңгергеннің артықшылығы жоқ. Дейтұрғанмен, ұлтымыздың құнды жәдігері мемлекеттік тілімізге жанашыр көзқарас бар жерде тіліміздің тұғырынан түспейтінін ұмытпауымыз керек.

Гүлмира ИСКАКОВА, Жезқазған қалалық сотының судьясы.

*Мемлекеттік тілдің мәртебесі дегенді әркім әрқалай түсінеді, әрқалай ойлайды, әрқалай ұғады. Бір кісілер үшін қазіргі кезде қазақ тілінің даму қарқыны жаман емес, еліміздің «қаракөздерінің» үлес салмағы артқаны секілді мемлекеттік тілді меңгерген адамдардың қатары күн санап көбейді деп ойлап, екінші тарап мұнымен келіспейді: заң жөзінде нақтылан жазылған тіл мәртебесі қоғамда өз орнын жұмсалмай тұр, яғни мемлекеттік тілді жалпы қазақ қоғамының тоқсан-жүз проценті пайдаланып отырған жоқ.*

## ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ, ӨЗ ТІЛІҢДІ ҚҰРМЕТТЕ

Мемлекеттік тіл мәртебесіне Қазақстанда тұратын, ауасымен демалып, суын ішіп, топырағын басқан кез келген азамат өз үлесін қосып – азаматтық және адамдық борышы болады. Жекелеген азаматтардың ұстанымы тұрғысынан мемлекеттік тілді қорғау, сақтау жұмыстарына деген жанашырлығы немкетті мен немқұрайдылыққа қарсы іс-қимыл болып саналып, дұрыс көзқарас қалыптастырылуы тиіс.

Қазақстанда тұратын жүзден аса ұлт өкілдері Қазақстанның халқын, соның ішінде қазақ халқының тұрмыс-әдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін, тілін білуі міндетті.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін 1993 жылғы Конституцияда бекітіп, 1997 жылы Тәуелсіз Қазақстанның «Тілдер туралы» заңы қабылданды. Десе де, әр қазақ үшін отыз жыл бұрын қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берген заңның ор-

ны бөлек. Себебі, мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында барлық салада қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу, іс қағаздарын жүргізу тілі саналады. Бүгін мемлекеттік тіліміз осы биігіне көтерілді ме? Көтерілді деуге қысыламыз. Өйткені, Конституциядағы «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген сөйлем орыс тілінің айын оңынан тұғызып тұр. Өлі күнге дейін жиын атаулы қазақша басталып, орысша жалғасады. Қазақ депутаттар сауалдарын үкіметке орыс тілінде жолдайды. Мұны көрген орыс тілді орта мемлекеттік тілді үйренуге қайдан ынта танытсын?

Мемлекеттік тіл тәуелсіз еліміздің негізгі рәміздерінің бірі де болып саналады. Әрбір өркениетті елдің туы, елтаңбасы, әнұраны, шекарасы болатыны секілді мемлекеттік тілі де болады. Демек, мемлекеттік тіл де егеменді еліміздің, мемлекетіміздің бір белгісі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп нақты көрсетілген. Қазақ тілі тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін әрбір азаматтардың тілі.

Тіл – қастерлі де, қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Ана тілін сүйген адам – туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді деген сөз. Ал, бұлардың бәрі – адам баласы үшін ең қасиетті ұғымдар. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер – ана тілі. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес.

Елмира КОПБАЕВА, Жезқазған технология және сервис колледжінің оқытушысы.



# ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ



*Қазақтың ұлттық ойындарының қоғамдық және әлеуметтік маңызы аса зор. Ұлттық ойындарымыз халқымыздың ежелгі мәдениеті мен өнерінің ешкімнен кем болмағанын, керісінше көшпелі қазақ жұртының сана-сезімінің тереңде болғанын, ойлау қабілетінің озықтығын дәлелдейді. Қазақ халқы – ұлттық ойындарға бай халық.*

Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып қалған.

Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың мықты әрі жігерлі болып өсуіне ықпал етіп, олардың берекесі бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек өмір сүруімізде ұлттық ойындардың атқаратын міндеті айрықша. Қазақ халқы материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі.

Қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, олардың жауынгерлік рухта ержетуін ұқыптылықпен қадағалаған. Жалпы баланың өмірге қалам басардағы алғашқы қимыл әрекеті ойын арқылы басталады. Ойын – адамның өмірге қалам басардағы алғашқы адымы. Сондықтан бала үшін ойынның мәні ерекше. Ойын баланың негізгі іс-әрекетінің бір көрінісі болып табыла-

ды. Қазақ халқының ұлы ойшылы А. Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» дегендей ойын бала өмірінде ерекше орын алады. Ойынды көркемдік іс-әрекетінің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойынға шартты түрде мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекет бала үшін қызықты. Ойын – балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі. Балалар ойын барысында өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады.

Ойын тәрбиесі құралы арқылы ақыл-ойды кеңейтеді, тілді ұстартыды, сөздік қорды байытады, жақсы ұғысады және өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай, олар-

дың көзқарастарын, мінез-құлықтарын қалыптастыру құралы деп те ерекше бағалаған. Ойынды сабақта қолдану оқушының ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы деп білген. Бос уақытта әртүрлі ойындар ойнаған баланың денсаулығы үшін өте пайдалы. Жастардың ұлттық сана-сезімінің дамуында қазақтың ұлттық ойындарының алатын орны айрықша.

Ұлттық ойындар спорттық және ақыл ойға арналған ойындар болып екі топқа бөлінеді. Спорттық ойындарға: қыз қуу, көкпар, ақсүйек, арқан тартыс т. б жатса, ақыл ойға арналған ойындарға тоғызқұмалақ, асық ойындары жатады. Ұлттық ойындарға мына ойын түрлері жатады: «Тоғызқұмалақ», «Бәйге», «Асық», «Ақсүйек», «Арқан тарту», «Қыз қуу», «Көкпар», «Күміс алу», «Жамбы ату». бұл ойындар баланың еңбекке деген қарым-қатынасы мен ойлау қабілеттерін арттырады және баланы шымыр да егіп, зерек те алғыр, тапқыр да парасатты болып өсуге тәрбиелейді. Ұлтымыздың асыл қазынасы болған ұлттық ойындарымызды жоғалтып алмай, ұрпақтан-ұрпаққа жетуін насихаттау – баршамыздың міндетіміз деп білейік.

Алма АБИЛОВА,  
бастауыш сынып мұғалімі

## БАҚҰЛ БОЛ, АСЫЛ АҒА!



биғи тектілігімен ерекшеленетін. Әр шаңырақтың төріндегі орны бөлек-тін. Төңірегіне ерқашан жымия қарап, күлімдей көз тастайтын. Ағаның жайдары жүзінен ешқашан асып-сасудың, асқақтап тасудың, қорқыныш пен үрейдің елесін де көрмейтінбіз. Әрдайым сабыр сақтап, не де болса ақырын күтетін. Өзіндік терең пікір-ойдың адамы тұғын. Тағдыры оны талай талқысына да, сынағына да салып көрді. Ауялы жары Айгүл (Әйкен) жеңгемізден айырса, ұлы Еркін қыршын жасында өмірден озды. Манас ағайдың жан-жүрегіне жазылмас жара түсті. Десек те, үрім-бұтағының қызығын көрді. Бұл өмірдің ашысын да, тұшасын да татқан, ауыр қиындықты жеңе білген Ұлытаудың ұланы, ардақты аға, асыл жар, абзал әке, абыройлы ата, білімді де білікті заңгер. Табиғатынан дарыған қажырлылығын байсалдылығымен ұштастыра білген қызметкер жан, майталман маман, адамгершілігі асқақ азамат бола білді.

Уақыт өткен сайын бір-бірлеп қимас бауырлардан айрылып жатамыз. Бұл – өмір заңы. Сыйлас ағалардың бірегейі – мамыражай, дархан мінезді Манас ағай еді. Аға буының қатары сиреген сайын өзінде ақыл-сана тұрғыда есейіп, қарттыққа бет бұрғаныңды сезінеді екенсің. Алайда Алланың іс-амалдарына қарсы тұра алмайтынмыз ақиқат. Ағаның ақтық демі бітіп, жүрегі тоқтады. Манас ағай фони дүниені тәрк етіп, бақиға бет алды. Бұл біздерге, ағайын-туысына, ұрпақтарына орны толмас қаза болып отыр.

Алып жүректі азамат, білікті маман, аймаққа қадірлі заңгер, адвокат болған Манас ағай аса қайырымдылығымен, сырбаз сыпайылығымен, сабырлылығымен, қарттарға тән та-

Манас ағаның заң саласындағы еңбегі орасан зор болғаны анық. Бүкіл саналы ғұмырын, таланты мен қабілет-қарымын, күш-қайратын құқық қорғау саласына арнап, жемісті қызмет еткен еңбек ардагері, қажырлы зейнеткер, ұлағатты заңгер болды. Аға өмірі кейінгі буын ұрпаққа үлгі, жүріп өткен жолы өнеге.

Ардақты ағаның рухын Алла Тағала алдынан жарылқасын! Жайсаң жанның жарқын бейнесі жәннаттың нұрымен шалқысын. Мәңгілік мекені жұмақтың төрінен бұйырсын! Қош болыңыз, ауялы да ардақты қимас бауыр Манас Байшораұлы!

Ағайын-туған, бауырлары атынан Бейбіт БІРМАН.

### БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

## БАЛАНЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ!

### ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

*Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және денсаулықты сақтау – барлық уақытта маңызды міндеттердің бірі. Біз қорғансыз азаматтар – кішкентай балаларға ерекше қамқорлықты сезінеміз. Бала көбінесе қауіп көзі болып табылады. Ол өзінің іс-әрекетімен немесе әрекетсіздігімен қауіпті жағдай тудырып, өз өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Баланы қауіп-қатерден қорғау барысында оны қиындықтармен кездесуге дайындау, ең қауіпті жағдайлар туралы түсінік қалыптастыру, сақтық шараларын қолдану, үлгі болатын ата-аналармен бірге күнделікті өмірде және көшеде өзін-өзі қауіпсіз ұстау дағдыларын қалыптастыру маңызды.*

Сондықтан, бұл мәселені шешу өзекті және маңызды болып табылады. Балаларға экстремалды жағдайлармен қалай күресуге болатындығын үйрету керек. Балаға қауіп төндіретін негізгі қауіп көздері: қауіпті заттар; үйдегі қауіпті жағдайлар; бейтаныс адамдар мен жануарлар.

Балаларда күнделікті өмірде, көшеде кездесетін өмірге және денсаулыққа қауіпті заттар туралы түсінік қалыптастыру, әр түрлі жағдайларды талдай отырып, оларды белгілі бір ережелерді сақтауға үйрету керек.

Баланы біртіндеп тәуелсіз болуға үйрету керек екенін ұмытпаңыздар. Баланы қорқытпай, барлық қауіптер туралы бірден айту қажет емес. Ақпаратты мұқият, әдіснамалық түрде беру керек (қай ойларды айтқаныңызды және келесі жолы не туралы сөйлесетіндігіңізді блокнотқа түсіріп отыру маңызды). Бір тақырып бойынша бірнеше рет қайталауды ұмытпаңыз, белгілі бір манызды сәттерді еске түсіріп, суреттерге сүйемелдену жақсы әсер береді.

Баланың көшедегі қауіпсіз жүріс-тұрысы ережелерін үйрену барысында туыстарыңызды рөлдік көріністерді көрсетуге қатыстырыңыз. Өзіңіздің мысалыңыз бойынша көшеде өзін қалай ұстау керектігін көрсетіңіз, баланы ой-өрісін кеңейтіңіз. Сондай-ақ, баланыздан оған айтқаныңызды қалай есінде сақтағанын көрсетудің сұраңыз.

Баланызға табиғатта кездесетін қауіпті жануарлар туралы айтып беріңіз. Соның қатарында, қалада кездесетіндерге ерекше назар аударыңыз, мысалы: иттерге, құтырған жануарларға.

Қаңғыбас иттердің қасында жүріс-тұрысы ережелері туралы білу керек! Сондықтан, баланы қолыңызбен жетелесеніз де, тыныштандыруға тырысыңыз. Иттер қорқынышпен бірге жүретін адреналинге сезімтал. Олар адамның қорқатындығын сезгенде, күдікпен қарайды.

Алыстан жүгіріп келе жатқан иттерді көріп, бастапқыда бұрылығыңыз келгендей, асықпай маршрутты өзгертіңіз. Иттердің назарын аудармаңыз. Біреуді көмекке шақыру немесе кенеттен қозғалу әрекеттері иттерді ескертпейді. Баланыздың тыныш болуына білдіртпей әрекет жасаңыз (қолындағы тамақ немесе сыбырлайтын заттан құтылыңыз).

Баланызға қаңғыбас иттерге деген жеккөрушілік немесе агрессия көрсетуге үйретпеген жөн. Үйі мен иелері жоқ көшеде тұратын иттер мен үй жануарларына бірдей жанашырлықпен қарауды, бірақ оларға жақындамауды үйретіңіз.

Қаңғыбас иттердің арасында ауру болуы мүмкін, сондықтан олар кез-келген адамға себепсіз шабуыл жасай алатынын ескертіңіз.

Бұрын шабуыл жасауға дайындалып

жатқан итті көрсе, жерге тезірек иіліп, қолына тас алып жатқанды көрсету керек деп сенген. Шынында да, кейбір иттер мұндай өткір маневрден қорқатын болады. Бірақ егер үлкен иттер шабуыл жасағысы келсе, бұл қажет емес. Бұл қаңғыбас иттердің ерекше екендігіне байланысты, олар табиғаттың қатал жағдайында тірі қалуға көмектесетін сезімдері мен инстинктері әлдеқайда дамыған – тез арада жауға соққы беруге дайын болуы мүмкін.

Иесіз иттердің көзіне қарамаған жөн. Олардың ешқайсысы мұндай «дуэльді» ұнатпайды. Сондықтан бұл мінез-құлық жануарды ашуландырып, шабуылын тездетуі мүмкін.


Иттерді көргенде қашуға тырыспау керек. Олар міндетті түрде қуып жетеді. Назарын аудару қажет – мысалы, күрте, сөмке, азық-түлік салынған сөмкелерді итке тастап, сонғысы аш қуғыншыларды ұзақ уақыт ұстап тұрғанда білдіртпей құтылуды ұйымдастырған дұрыс.

Қандай қауіп-қатерден құтылуды үйретсек те: ең бастысы, балаларыңызды үйде, далада, көшеде қараусыз қалдырмаңыздар!

Жезқазған қаласы әкімдігінің жанындағы қамалетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау комиссиясы.

## СӨЗЖҰМБАҚ

Құрастырған: Айтжан ӨТЖАНҰЛЫ.



### КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

1. Бір жұттым су. 3. Шахта лифтісі. 11. Тері ыдыс. 13. Жуынатын орын. 14. Қиял (сиң). 15. Жөңіл атлет. 16. Жеміс. 18. Ең кіші автомобиль. 19. Алғыр құс. 20. АҚШ ғарыш кемесі. 22. Математика термині. 25. Гайдардың есімі. 27. Халық күйі. 31. Шофердің құжаты. 32. Қымбат (ант). 33. Әнұран өнінін авторы. 34. Миллион грамм. 35. Ым, үнсіз, белгі.

### ТІГІНЕН:

2. Түйенің сусыны. 4. Жалған өтірік. 5. Лондон өзені. 6. Хоккей таяғы. 7. Араб батырдың тұлпары. 8. Дәрілік өсімдік. 9. Гималай аюы. 10. Әлем жұмысшыларының әні. 12. Махизм түрі. 17. Жінішке шарф. 18. Нан түрі. 21. Әнші Сарымсақовтың есімі. 23. Атлант түбіндегі тау. 24. Жаяу Мұса туған жер. 26. Мотор қақпағы. 28. Жаңаарқа ауданындағы тау. 29. Кізі үй ағашы. 30. Нан түрі.

### ГАЗЕТТІҢ № 14 (8277) САНЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН СӨЗЖҰМБАҚТЫҢ ЖАУАБЫ:

КӨЛДЕНЕҢІНЕН: 1. Нәпсі. 3. Емшек. 11. Автосалон. 13. Краги. 14. Киюк. 15. Рафтинг. 16. Исаак. 18. Днепр. 19. Капсула. 20. Асанова. 22. Табын. 25. Ротор. 27. Бисмарк. 30. Проза. 31. Шайба. 32. Қарқаралы. 33. Жылан. 34. Тастан.

ТІГІНЕН: 2. Суайт. 4. Мөңке. 5. Көкшай. 6. Стакан. 7. Есірткі. 8. Албина. 9. Көкпар. 10. Балмағамбетов. 12. Консерватория. 17. Кісен. 18. Донор. 21. Құмалақ. 22. Тарпан. 23. Гитара. 24. Аромат. 26. Рамазан. 28. Жакша. 29. Ашына.

## ДҮЙСЕНБІ 25 СӘУІР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер» 7:05 «Másele». 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat7 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Ынтымақ ауылы». 13:00 Aqparat7 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat7 15:15 «Арта». 16:05 «Шабдалы 18». 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаһ». 21:30 «Ынтымақ ауылы». 22:30 «Жат мекен». 23:30 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:35 Aqparat. 1:10 «Ashyq aлаһ». 2:00 «Теледәрігер». 3:00 «Жәдігер».

## ХАБАР

5:00 Кино. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит.

## СЕЙСЕНБІ 26 СӘУІР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер. 6:25 Aqparat. 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Ынтымақ ауылы». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 Деректі фильм. 15:40 «Ауылдастар». 16:10 «Шабдалы 18». 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаһ». 21:30 «Ынтымақ ауылы». 22:30 «Жат мекен». 23:25 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Ashyq aлаһ». 1:50 «Теледәрігер». 2:50 «Жәдігер».

## ХАБАР

5:00 Кино. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 «Алпыстан асып барамын». 13:00 «Бөле-

лер». 15:00 «Алпыстан асып барамын». 13:00 «Бөле-лер». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Ана жүрегі». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Сырты бүгін».

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «SaraTimes». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 00:50 «Ене». 02:00 «Ұлым». 02:40 «SaraTimes». 03:30 «Astana times». 04:30 «Келіндер».

лер». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Ерекше бақылауда».20:45 «На особом контроле». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Ана жүрегі». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Сырты бүгін».

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтары бар». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 00:50 «Ене». 02:00 «Ұлым». 02:40 «Айтарым бар». 03:30 «Astana times». 04:30 «Келіндер».

барамын». 13:00 «Бөлелер». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 Док/фильм. 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Ана жүрегі». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Сырты бүгін».

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтары бар». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 00:50 «Ене». 02:00 «Ұлым». 02:40 «Айтарым бар». 03:30 «Astana times». 04:30 «Келіндер».

12:00 «Алпыстан асып барамын». 13:00 «Бөле-лер». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Ана жүрегі». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Сырты бүгін».

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтары бар». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 00:50 «Ене». 02:00 «Ұлым». 02:40 «Айтарым бар». 03:30 «Astana times». 04:30 «Келіндер».

12:00 «Алпыстан асып барамын». 13:00 «Бөле-лер». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Күлеш». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Сырты бүгін».

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтары бар». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 00:50 «Ене». 02:00 «Ұлым». 02:40 «Айтарым бар». 03:30 «Astana times». 04:30 «Келіндер».

«Өзін-өзі тану». 9:00 «XXI ғасыр көшбасшысы». 10:00 «Tangy fresh». 10:30 Бір туынды тарихы. «Сыған сернадасы». 11:00 Кино. «Біздің сүйікті дәрігері». 13:00 Т/х марафоны «Ана жүрегі». 16:00 Кино. 18:00 Хит жазамыз. 19:15 «Маска» 2 маусым. 21:00 «7 күн». 22:00 «Отдел журналистских расследований. Близке к делу.»23:30 Т/х марафоны. «Алпыстан асып барамын».

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Шыңғысхан». 16:45 «Шымкент шоу» Сахнада – 20 жыл! 19:40: Концерт «Батыр. Музыка души моей». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Бизнес по-казахски в Корее» х/ф. 01:20 «Астана кеші көңілді». 02:10 «Ұлым».

## ХАБАР

5:00 Кино. 7:00 Т/х марафоны. «Көршілер». 8:45 «Самопознание». 9:00 «Ынтымақ мекені», мерекелік концерт. 10:30 Бір туынды тарихы. «Дударай». 11:00 Кино. «Біздің сүйікті дәрігері». 13:00 «Есем әуен». Мерекелік ән жинағы. 14:00 «Маска» 2 маусым. 16:00 Кино. «5 причин не влюбиться в казаха». 18:00 Мегахит. 20:00 Хит жазамыз. 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:30 «Шаңырақ» концерті ААК.

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 13:10 Концерт «Батыр. Музыка души моей». 15:50 «Бизнес по-казахски в Корее» х/ф. 17:50 «Бауыржан Fest». 20:00 «SaraTimes».

## КТК

07:05 «Дау-дамайсыз». 07:30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09:30 «Юморина». 11.10 «Моя чужая». 12.45 «Одиночка». 15.30 «Королева бандитов-2». 17.30 «Тогжан». 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Ozat отбасы». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Испытание-2». 23.30 «Морские дьяволы. Особое задание». 01.20 «Королева бандитов». 02.40 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 Jaidarman. 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Көзайым». 09:00 «Дылды». 10:00 «Я беру твою семью». 12:00 «Женский доктор». 13:00 «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зын-зын Күлпәш». 15:20 «Дылды». 16:20 «Гадалка».

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09.00 «Ozat отбасы». 10.00 Новости. 10.40 «Испытание-2». 12.30 «Морские дьяволы. Особое задание». 14.30 «Одиночка». 15.30 «Королева бандитов-2». 17.30 «Тогжан». 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Ozat отбасы». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Испытание-2». 23.30 «Морские дьяволы. Особое задание». 01.20 «Королева бандитов». 02.40 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар».

## 7-АРНА

06:00 Jaidarman. 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Көзайым». 09:00 «Дылды». 10:00 «Обычная женщина». 12:00 «Женский доктор». 13:00 «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зын-зын Күлпәш». 15:20 «Дылды». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Aibat». 19:00

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09.00 «Ozat отбасы». 10.00 Новости. 10.30 «Испытание-2». 12.20 «Морские дьяволы. Особое задание». 14.20 «Одиночка». 15.20 «Скажи правду». 17.30 «Тогжан». 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Ozat отбасы». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Испытание-2». 23.30 «Морские дьяволы. Особое задание». 01.20 «Скажи правду». 03.00 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 Jaidarman. 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Көзайым». 09:00 «Дылды». 10:00 «Обычная женщина». 12:00 «Женский доктор». 13:00 «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зын-зын Күлпәш». 15:20 «Дылды». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Aibat». 19:00

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 08.50 «Ozat отбасы». 09.50 Новости. 10.30 «Испытание-2». 12.20 «Морские дьяволы. Особое задание». 14.20 «Одиночка». 15.20 «Скажи правду». 17.30 «Тогжан». 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Ozat отбасы». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Испытание-2». 23.30 «Морские дьяволы. Особое задание». 01.20 «Скажи правду». 03.00 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 Jaidarman. 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Көзайым». 09:00 «Дылды». 10:00 «Обычная женщина». 12:00 «Женский доктор». 13:00 «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зын-зын Күлпәш». 15:20 «Дылды». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Aibat». 19:00

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09.00 «Ozat отбасы». 10.00 Новости. 10.40 «Испытание-2». 12.30 «Морские дьяволы. Особое задание». 14.30 «Одиночка». 15.30 «Скажи правду». 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Дау-дамайсыз». 20.35 «КТКweb». 21.00 Вечерние новости. 21.40 Спецрепортаж. 22.00 «Тайсон». 01.30 «Скажи правду». 02.20 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 03.40 «КТКweb». 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 Jaidarman. 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Көзайым». 09:00 «Дылды». 10:00 «Обычная женщина». 12:00 «Женский доктор». 13:00 «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зын-зын Күлпәш». 15:20 «Дылды». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Aibat». 19:00

02:50 «Ой мен ойын». 03:40 «Сырты бүгін...».

## КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07.20 «Судағы із». 08.00 «Көнілді отбасы». 08.55 «КТКweb». 09.20 Новости. 10.00 «Смеяться разрешается». 11.20 «Тайсон». 15.10 «Қиянаттың зардабы», к/ф. 17.00 «Шымкент-шоу». Сахнада – 20 жыл! 20.00 «Ақ мама», реали-ти-шоу. 21.00 «Большие новости». 22.00 «Не смей мне говорить: «Прощай!». 01.40 «Скажи правду». 02.30 «Қиянаттың зардабы», к/ф. 03.50-04.20 «Мерекелік концерт».

## 7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Құтты қоңақ». 08:00 Jaidarman. 09:00 «Орел і решка». 11:00 «Алматы корона».

21:00 «Бауыржан Fest». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Кенже». 02:10 «Аналар». 02:30 «Ұлым». 03:10 «Ой мен ойын». 04:15 «Сырты бүгін...».

## КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07.30 «Шымкент-шоу». 09.20 «Юморина». 11.10 «Не смей мне говорить: «Прощай!». 15.10 «Фархад пен Шырын», к/ф. 17.00 «Махаббат әлемі», ән-шашу. 20.00 «Ақ мама», реали-ти-шоу. 21.00 «Портрет недели». 22.00 «Неслалдая месьт». 02.00 «Скажи правду». 03.40-04.20 «Мерекелік концерт».

## 7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Құтты қоңақ». 08:00 Jaidarman.

17:30 «Женский доктор». 18:30 «Aibat». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Обычная женщина». 21:30 «Тойхана-2». 22:40 «Қадам». 23:30 X/ф «Город порока». 01:40 «Гадалка». 02:30 «Aibat». 03:00 «Тамаша». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 04:30 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 Таңғы жаттығу. 08.05 Документальный фильм. 09.00 «Ән шашу». 09.30 Мультфильм. 10.00 Д/ф «Ұлы жазушылар». 11.15 «Ашыған ана» К/ф. 12.30 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 13.00 «За строкой Послания...». 13.15 «Тамшы ғұмыр». 13.45 «Бас аспа-2» К/ф. 16.00 «Еске алу». 16.15 Мультфильм. 16.30 Т/х «Достар». 17.00 Т/х «Асыл арман». 18.05 «Тараз» Д/ф. 18.35 «Еске алу». 18.50 Мультфильм.

«Женский доктор». 18.30 «Aibat». 19.00 «Студия 7». 19.30 «Обычная женщина». 21.30 «Тойхана-2». 22.40 «Қадам». 23.30 «Затерянный город Z». 02.00 «Гадалка». 02.50 «Aibat». 03.10 «Тамаша». 03.30 «Япырай». 04.00 «Айна-online». 04.30 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 «Бүгін». 08.30 «Весёлая разминка». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Достар». 10.00 Мультфильм. 10.30 «Ән шашу». 11.00 Д/ф «Өркенит тарихы. Сирия». 11.55 Т/х «Асыл арман». 13.00 «Бүгін». 13.30 «Тараз» Д/ф. 14.00 «Әкемді жалға беремін» К/ф. 16.00 «Еске алу». 16.15 Мультфильм. 16.30 Т/х «Достар». 17.00 Т/х «Асыл арман». 18.00 «Бүгін». Сурдоаударма. 18.15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Корея. 18.35 «Еске алу». 18.50 Д/ф «Өркенит

«Студия 7». 19.30 «Обычная женщина». 21.30 «Өмір». 22.40 «Қадам». 23.30 «Гостья». 01:50 «Гадалка». 02:40 «Aibat». 03:10 «Тамаша». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 04:30 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 «Бүгін». 08.30 «Весёлая разминка». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Достар». 10.00 «Бүгін». Сурдоаударма. 10.15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Корея. 10.30 «Телебалапан». 10.45 Мультфильм. 11.00 Д/ф «Өркенит тарихы. Ғылымның алтын ғасыры». 11.55 Т/х «Асыл арман». 13.00 «Бүгін». 13.30 «Жас time». 13.45 «Ән шашу». 14.00 «Песни Абая» К/ф. 16.00 «Еске алу». 16.30 Т/х «Достар». 17.00 Т/х «Асыл арман». 18.00 «Бүгін». Сурдоаударма. 18.15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Португалия. 18.35 «Еске алу». 18.50 Мультфильм.

«Женский доктор». 18.30 «Aibat». 19.00 «Студия 7». 19.30 «Обычная женщина». 21.30 «Өмір». 22.40 «Қадам». 23.30 «Анон». 01:30 «Гадалка». 02:20 «Aibat». 03:00 «Тамаша 7 км». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 04:30 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 «Бүгін». 08.30 «Весёлая разминка». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Достар». 10.00 «Бүгін». Сурдоаударма. 10.15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Португалия. 10.30 «Телебалапан». 10.45 Мультфильм. 11.05 «Ән шашу». 11.25 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 11.55 Т/х «Асыл арман». 13.00 «Бүгін». 13.30 «Президент Жолдауы: сенімге – серпіні!» 13.45 «Ән шашу». 14.00 «Көк айдаһар атты тостақ» К/ф. 16.00 «Еске алу». 16.30 Т/х «Достар». 17.00 Т/х «Асыл арман». 18.00 «Бүгін». Сурдоаударма. 18.15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар»

«Студия 7». 19.30 «Обычная женщина». 21.30 «Өмір». 22.40 «Қадам». 23.30 «Гадалка». 00:30 «Aibat». 01:00 «Студия 7». 01:30 Оян. Qazaqstan Music. 02:00 «Тамаша 7 км». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 04:30 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 «Бүгін». 08.30 «Таңғы жаттығу». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Достар». 10.00 «Бүгін». Сурдоаударма. 10.15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Израиль. 10.30 «Телебалапан». 10.45 Мультфильм. 11.05 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 11.35 «Ән шашу». 11.55 Т/х «Асыл арман». 13.00 «Бүгін». 13.30 «Түркістан-Яесь» Д/ф. 14.00 «Трансибирский экспресс» К/ф. 16.00 «Еске алу». 16.30 Т/х «Достар». 17.00 Т/х «Асыл арман». 18.00 «Бүгін». Сурдоаударма. 18.15 Д/ф «Әлемдегі мәдени бай-

15:00 «Тойхана-2». 17:10 «Зын-зын Күлпәш». 18:00 «Өмір». 21:00 Шоу «Маска». 23:45 «Любой ценой». 01:20 «Зын-зын Күлпәш». 02:40 Jaidarman. 04:10 «Q-елі». 05:10 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 «Бүгін». 08.30 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Достар». 10.00 «Бүгін». Сурдоаударма. 10.15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар». Славкия. 10.30 «Телебалапан». 10.45 Мультфильм. 11.00 «Ән шашу». 11.25 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 11.55 Т/х «Асыл арман». 13.00 «Бүгін». 13.30 «Түркістан-Яесь» Д/ф. 14.00 «Трансибирский экспресс» К/ф. 16.00 «Еске алу». 16.30 Т/х «Достар». 17.00 Т/х «Асыл арман». 18.00 «Бүгін». Сурдоаударма. 18.15 Д/ф «Әлемдегі мәдени бай-

09:00 Шоу «Маска». 11:30 «Никонов и Ко». 15:30 «Қадам». 19:00 Концерт. 21:00 «Слабое звено». 01:00 «Любой ценой». 02:40 Jaidarman. 04:00 «Q-елі». 05:10 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 Документальный фильм. 09.00 Мультфильм. 09.30 «Айғаным» Қысқаметражды фильм. 10.00 «Бүгін». Сурдоаударма. 10.15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Швеция. 10.30 «Ән шашу». 11.00 Мультфильм. 11.25 Д/ф «Голливудтың жарқын ж

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНИМГЕ – СЕРПІН!

Елімізде дамудың даңғыл жолында түрлі бағдарламалар іске асып келеді. Жаңа мүмкіндіктердің арқасында қаламызда бизнес саласы жақсарып, оны дамыту бағытында айтарлықтай оң өзгерістер байқалауда. Халықты жұмыспен қамту орталығы жыл сайын өз кәсібін дөңгелеткісі келетін тұрғындарға мүмкіндік алаңын ұсынады. Мысалы, былтыр жеке кәсібін ашуға ниетті 158 тұрғынға мемлекеттік грант бөлінсе, биыл 80 тұрғын жеке кәсіпкер атанып үлгерген.

қонақ тарқамайтын, қыз беріп, келін түсіріп жататын қазақ халқының бүгінгі тұрмысына қажетті дүниелерге шолу жасады. Ұлттық оюларымыз бен бұйымдарымызды қайта жандандырды. Осының нәтижесінде Гүлғайша ханым жасаған ұлттық нақыштағы үй жабықтарына сұраныс арта түсті. Алғашында азын-аулақ тапсырыс алып жүрді.



# НАҚТЫ КӨМЕК НАРЫҚҚА ЖОЛ АШТЫ

«Нан бар жерде – ән бар». Бұл сөздің астарлы мағынасын тереңнен ұғынған жанның бірі – Жанат МАХАН-БЕТОВА. Бүгінде үйде нан пісіретіндер аз. Барлығы дүкеннен сатып алады. Соған сай отбасылық табыстың белгілі бір бөлігі күнделікті ас ететін нанға кетіп отырады. Алғашында Жанат Маханбетова да өзге отаналар секілді дүкен нанын азық етіп жүрді. Кейіннен нанды қолдан пісіріп көргісі келді. Осылайша көрген-білген тәжірибесімен қамыр ашытты. Ешқандай рецептіге қарамай істеген Жанаттың наны күйіп пісіп, тастай қатты болып шықты. Дәмі қышқыл, тіс батпайтын нанның ешкімге ұнамағаны да жасырын емес. Халқымыз нанды ас атағына балап, айрықша құрметтеген ғой. Баба жолын ұстанып, нанның киесіне сенетін Жанат әлгі күйген нанын тастауға обалсынып үш ай сақтапты. Дегенмен, алғашқы реттен сәтсіздікке ұшырағанына қарамастан, Жанаттың нан пісіру өнеріне деген құлшынысы азайған жоқ, керісінше білуге құмартады.



Гүлғайша ӘУЕЗОВА

қамту орталығының маманы хабарласып, мемлекет тарапынан тың идеялы жас кәсіпкерлерге берілетін грантка өтініш тастауға болатындығын айтты. Басында тартыншақтағанымен тәуекел етіп, өзі білетін ашытқымен нан істеу туралы идеясын ортаға салды. Нанды табиғи ашытқыны қолдану арқылы пісіру, оның құрамындағы барлық пайдалы, нәрлі заттарды сақтайды. Мамандар көмегімен бизнес-жоба жасады. Сөйтіп, ертесіне бизнес-жобасын қазылар алқасына ұсынды. Мұндай нан пісіру идеясы тек Жезқазғанда емес, еліміз бойынша саусақпен санарлық екенін айтқан қазылар Жанат Маханбетованы мемлекеттік грантка лайық деп тапты.

Ол фейсбук әлеуметтік желісі арқылы «Аспаз достар клубы» парақшасының публикацияларын жібермей бақылап отыратын. Содан бір күні осы жерден италиялық «Левито Мадра» нан ашытқысы туралы естіді. Бұл ашытқы ұн, су және жүзімнен жасалады. Оның толық дайын болуына 15-20 күн аралығы қажет еді. Осылайша өзге құрбыларымен бірге әлгі ашытқыны жасап көруге бел байлайды. Алғашында Жерорта түбегіндегі елдің рецептісімен нан бірден шыға қоймады. Бәрі де тәжірибе арқылы келеді. Алғашында дұрыс шықпағанымен, келесі істегенде Жанаттың нандары жұмсарып, қышқыл дәмі де азая бастады. Осылайша Жанаттың бал тамған он саусағынан дәмі тіл үйретін әр түрлі пішіндегі нандар шыға бастады. Онысын инстаграм арқылы жарнамалады. Алғашында туыстары, сонан соң өзге адамдардан тапсырыс түсті. Жанат осылай әуесқой түрде, қолы бос уақытында ғана нан пісіріп жүре берер еді. Дегенмен, қалалық жұмыспен қамту орталығынан шалынған қоңырау оның өмірін жеке кәсіпкерлік арнасына бұрып әкетті. Бір күні оған жұмыспен

Міне, бүгінде үйінде өзі сүйетін һәм елге пайдалы кәсібімен айналысып отырған Жанат осындай мүмкіндік тудырған мемлекет басшылығына алғысын айтады. Алдағы уақытта нан ашытудың түрлі табиғи жолдарын зерттеп, құнарлы нан істеу әдіс-тәсілдерін өзге қыз-келіншектерге де үйретікісі келетін Жанат сынды жайдары мінез жандармен мынау әлем әсем де әдемі.



Ақбаян МҰХАН

Кітап үйінде сатылымға жауапты қызметкер болып жұмыс істеген Гүлғайша ӘУЕЗОВАНЫҢ көзқарасын ойында-жоқта басталған пандемия өзгерткен. 2020 жылы қатаң карантин басталып, жұмыс тоқтап, халық үйге тоғытылған сәтте кейіпкеріміз қосымша табыс көзін іздеген. Көп ойланып, толғанып, икемі келетін, ата-бабамыздан мұра болып қалған қолөнер кәсібімен айналысуды жөн деп табады. Сөйтіп, алғашында дастарқанға қажетті кішкентай көрпе-көпшік жасап көрді. Мұнысы сәтті шығып, көрген жанның көзін қызықтырды. Бірте-бірте жұмысын күрделендірді. Шаңырағынан

2021 жылы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлікке оқытып жатқанын естіді. Жобаға сай құжат жинап, үш ай білім алды, теория және тәжірибе жүзінде тігіншілік өнердің қыр-сырына мольнан қанықты. Маңдай тер, еткен еңбегі еш кеткен жоқ. Үкіметтен 583 000 теңге грант жеңіп алып, «Алтын оймақ» атты брендин қалыптастырды. Жаңа тігін машиналары мен қажетті бұйымдарды сатып алды. Бүгінде үйде отырып-ақ еңбегінің жемісін көріп отыр. Кәсіпкер ретінде мемлекет қазынасына салығын да төлейді. Қазіргі таңда Айнұр Жүгінісова құрған «Дәстүрге жол» жобасымен бірлесіп жұмыс істеп жатқан Гүлғайша Әуезова салт-дәстүрімізді жаңғыртып, төл өнерімізді төрге шығару мақсатында еңбек етуде.

Шың қаласа әйел адамның қолынан келмейтін, оның шамасы жетпейтін іс жоқ. Бұл сөзімізге Ақбаян МҰХАННЫҢ кәсібі дәлел. Ақбаян құс шаруашылығымен айналысады. Соның ішінде тауық өсірудің ебін тапқан. Ол бизнес-жобаларға грант бөлінетіндігін таныстары, әлеуметтік желілер арқылы жақсы білетін. Осы байқауға қатысқаны келгенімен таңғалдыратын тың бизнес-жобаны табу оңайға соқпады. Ақбаянның ағасы құс өсірумен айналысатын. Оның бұл кәсібі Ақбаянның ойына ой қосып, жоба жасауына сеңгітін тигізді. Содан құс өсіру туралы жобасын даярлады. Онысы қазылар тарапынан мақұлданып, грант бөлінді. Бүгінде Ақбаян Мұханның 65 тауығы бар. Оның жұмыртқаларын жеке дүкендерге, жәрмеңкелерге апарып сатады. Сонымен қатар инкубатор арқылы 30 балапан өсіріп үлгерді. Жеңіп алған грантының біраз бөлігіне құстарға арнап қора салып жатқан ол кәсібін бұдан да әрі де кеңейтіп, аймақтағы құс шаруашылығын дамытқысы келеді.

«Еңбек еткенге бақыт басын иеді», – дейді. Шыны керек, бүгінде мемлекеттік бағдарлама арқылы қаржы алып, кәсіп бастағысы келетіндерге ешкім қой деп жатқан жоқ. Керісінше, халықтың әлеуетін нығайтып, тұрмысын түзетуге арналған бағдарламалар көбейіп, кәсіпкерлерге қолдау да молаюда. Сөзіміздің дәлелі – бүгінгі кейіпкерлеріміз.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.

ТЕАТР

## БАЛАЛАРДЫ ҚУАНТТЫ

Халықтар достығы және мәдениет үйінде «Алақай, Наурыз!» балаларға арналған қойылымның премьерасы өтті. Аталған спектакльді балалар, жасөспірімдер, жастар мен ересектерге арналған театр студиясы ұсынды. Аталған театр-студия биыл ғана ашылған болатын. Мұнда қазіргі таңда 20-ға жуық әртіс еңбек етеді. Студия жетекшісі – көпке белгілі талантты режиссер Теміржан ЖАНБОТАЕВ.



«Алақай, Наурыз!» спектаклінің авторы – белгілі актриса, драматургия және режиссура шебері Райхан Ибраева. Жыл басына таласқан жануарларды сөйлетіп, ән айтқызып, билеткен қойылымның бүлдіршіндерге салар ойы да салмақты. Балаларға жамандықтан жиреніп, жақсылыққа құштар болуды үйрететін, достық, бірлік, ауызбіршілік бар жерде ырыс пен береке, шадыман

мереке боларын дәріптейтін қойылымның премьерасына қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова да қатысып, бала жүрегіне жол тапқан студия әртістеріне ризашылығын білдірді.

Қойылымға келген кішкентай көрерменнің бірі – Айым Жанділда есімді көрермен. Алты жасар балақайды қойылымға әпкесі алып келген.

– Маған бұл қойылым ұнады. Мұнда барлық жан-жануарлар сөйлейді, олар өз өнерлерімен мені таңғалдырды. Мен алдағы уақыттарда да осында келіп, көргім келеді. Келесі жолы достарымды да ертіп келемін, – деген Айымның қуанышты жүзін көріп, біз де ұйымдастырушыларға дән риза болдық.



Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## БАСПАСӨЗ-2022



### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газетіне жазылу жыл бойына жүргізілетінін Сіздердің қаперлеріңізге саламыз.

Жазылуды оңтайландыру үшін көрсетілген байланыс нөмірі арқылы (87778902258, Жаннұр Т.) «Каспи голд» картасына жазылу құнын аударып, мекенжайыңызды жазып жіберсеңіз алдағы аптадан бастап газетті алатын боласыз.

Құрметпен,  
аймақтық «SARYARQA» газетінің редакциясы

### ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жаңғырттық. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін Whatsapp әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базынасына үн қатуға әрқашан әзірміз.

Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.

Қадірлі оқырман!

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз ат салысып, қалауымызды айттып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газеті!

Whatsapp  
8(701)-118-88-08